



ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаев Тамыз
конференциясының
пленарлық
отырысына қатысып,
сөз сөйледі.

— Қадірлі ұстаздар! Құрметті қауым! Ең алдымен, баршаңызды дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуымен құттықтаймын! Бүгінгі жиынға Қазақстанның барлық аймағынан ұлағатты ұстаздар арнайы келіп отыр.

Мықты мұғалім — сапалы ұлттың тірегі, бұл — нағыз ақиқат. Бүгін өте ұтымды, мазмұнды баяндамаларды тыңдадық, тиімді пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Сөз сөйлеген ұстаздарға, бүкіл мұғалімдер қауымына ризашылығымды, ілтипатымды білдіремін. Тиісті министрлік, жалпы Үкімет айтылған мәселелерді үнемі назарда ұстауы керек. Бұл жұмысты аса маңызды стратегиялық міндет деп түсіну қажет.

Ұстазды ұлықтаған елдің келешегі жарқын болары айдан анық. Ұлы Абай 38-ші қара сөзінде адамның адамдығы жақсы ұстаздан болатынын айтқан. Сіздер жас буынға терең білім беріп, сапалы, озық ойлы жас өтаншыл ұрпақ тәрбиелеуге зор еңбек сіңіріп жүрсіздер. Осылайша, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға атсалысып келесіздер, — деп атап өтті Президент.

ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ҚАТАР КЕЛГЕН КЕЗЕН

Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Тамыз конференциясы еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңіне тұспа-тұс келгенін айтты.

— Бәріміз бір ел болып, түбегейлі реформаларды ойдағыдай жүзеге асырдық. Наурыз айында өткен жалпыұлттық референдум нәтижесінде жана Халық Конституциясы қабылданды. Тұтас қоғам қолдаған Ата заң бірінші шілде күні күшіне енді. Бұл — еліміз үшін маңызды ерекше тарихи оқиға.

Бас құжатта тұңғыш рет білім саласына айрықша мән берілді, яғни адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту еліміздің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды. Қазір бүкіл билік жүйесін және қоғамдық институттарды ауқымды жаңғырту жұмысы жүріп жатыр.

Осыдан бірнеше күн бұрын алғашқы Құрылтай сайлауы өтті. Ал кеше оның нәтижелері шықты. Бұл өте маңызды саяси науқан, саяси іс-шара деп те айтуға болады, шын мәнінде, бұрынсонды болмаған жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Осы істе Орталық сайлау комиссиясы үлкен рөл атқарды. Сайлау үдерісіне дұрыс шешімдер, соның ішінде жасанды интеллект технологиясы енгізілуде. Мұндай әдіс-тәсілдер науқанның сапасын арттыра түсті. Сондай-ақ сайлауға шетелдік байқаушылар тарапынан да қызығушылық жоғары болды. Халықаралық қауымдастық сайлау нәтижесін мойындады, оның ұлттық заннамаға және барлық талаптарға сай өткенін атап өтті, — деді Мемлекет басшысы.

Президент осы тұста Конституцияның 46-бабына сәйкес бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясын шақыру туралы Жарлыққа қол қойғанын жеткізді. Алқалы жиын 28 тамыз күні болады. Оған дейін Құрылтайға өткен әріптарлар депутаттардың тізімін әзірлеуге тиіс.

— Жалпы, Құрылтай сайлауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне ұсынған тізімге тәжірибесі мол түрлі мамандық иелерімен қатар, саясатқа жанадан келген азаматтар да енді. Олардың қатарында қабілетті жастар, солардың ішінде Президенттің кадрлық резервінің мүшелері бар. Жана буын өкілдері саяси нақанды жандандыра түс-



кені сөзсіз. Халыққа адал қызмет еткісі келетін, жауапкершіліктен тайсалмайтын, жанашыл адамдардың бәріне бірдей мүмкіндік берілді. Түтпеп келгенде, бұл — қалыпты, яғни эволюциялық үдеріс. Осы орайда саяси партиялардың белсенділігін, олардың идеологиялық ұстанымдарын, кәсіби деңгейін ерекше атап өткім келеді. Саяси дода кезінде ел болашағына тікелей ықпал ететін ұтымды ұсыныстар айтылды. Сайлаушылар да бұл жұмыстан тыс қалған жоқ, олар әр мәселе бойынша өз пікірлерін ашық білдіріп отырды. Бұл үгіт-насихат кезінде болған ұлттық теледебаттардан, ақпарат алаңындағы ашық пікірталастардан анық байқалды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қоғамда өзара құрмет пен жауапкершілік және пікір алуандығы құндылықтары орнығып, жана саяси мәдениет қалыптасып жатқанын мәлімдеді.

— Қадірлі ұстаздар! Ұлтымыздың келешегін айқындайтын тарихи өзгерістер табысты болуы үшін, ең алдымен, қоғамдық сана жаңғыруға тиіс. Бұл істе мәртебелі мамандық иесі — мұғалімнің рөлі айрықша маңызды. Әлемді ең дамыған технология өзгертуі мүмкін. Ал адамды, оның дүниетанымын өзгерту — нағыз ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Сондықтан мемлекет білім жүйесін дамытуға әрдайым баса назар аударады.

Соңғы жеті жылда бұл салаға бөлінетін қаржы үш есе артып, 6,4 триллион теңгеге жетті. Кейінгі бес жылдың ішінде 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1120 мектеп салынды. 5 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңартылды. Білім ошақтарында 7 мыңнан астам заманауи үлгідегі пән кабинеттері жасакталды.

Өздеріңізге мәлім, осыдан екі жыл бұрын менің тікелей тапсырмаммен «Келешек мектептері» жобасы бастау алды. Осы жоба аясында 460 мың оқушыға арналған 217 мектеп салынды. Заманауи мектептердің жана стандарты пайда болды десек, артық болмайды. Алайда біз әрбір өңірде, соның ішінде мектептерге сұраныс бар аудандарда сапалы оқу орындарының құрылысын міндетті түрде жалғастырамыз. Бұл — алдымызда тұрған мемлекеттік маңызға ие аса өзекті міндет. Уақытты сөзбай жұмысқа кірісуіміз керек, келесі жылы құрылыс барысы қарқынды болуы қажет, — деп атап өтті Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздың беделін нығайтып, оларды жан-жақты қолдау үшін белсенді жұмыс атқарылып жатқанына назар аударды. «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. Биыл бұл заңға толықтыру енгізіліп, ұстаздарға қосымша құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер берілді. 5 қазан күні ұстаздардың кәсіби мерекесі ретінде нақты бекітілді.

— Мемлекеттік марапаттар тізіміне «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы енгізілді. Бұл мәртебелі наградамен мара-

патталған тұлғаларға қомақты сыйақы беріліп жатыр. Қазірдің өзінде 100-ге жуық мұғалім марапатталды. Басқа да лайықты ұстаздар мемлекет назарынан тыс қалмай, осы құрметті атаққа ие болары күмәнсіз. Соңғы үш жылда еліміздегі 3 мұғалімге ең жоғары мемлекеттік награда — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Бұл ұстаздар қауымына деген айрықша құрметтің белгісі екені сөзсіз.

TALIS-2024 (The OECD Teaching and Learning International Survey) зерттеуінің нәтижесіне сәйкес, Қазақстан мұғалімдердің беделін нығайту көрсеткіші жөнінен екінші орында тұр. Сондай-ақ ұстаздардың еңбекақыға қанағаттану өлшемі бойынша еліміз әлемдегі алғашқы бес мемлекеттің қатарына кіреді. Атап айтқанда, ұстаздардың 95 пайызы өз жұмысына көңілі толатынын айтқан. Ал 80 пайызы осы мамандықты қайта таңдауға дайын екенін жеткізген, — деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Президент баршаға зор алғыс айта келе, ұстазды қадірлей білу — өркениетті қоғамға тән қасиет екенін жеткізді.

— Біз ұлт сапасын арттырамыз десек, бірінші кезекте мұғалімдерге барынша қолдау көрсетуіміз керек. Бұл — мен үшін мызғымас ұстаным. Жалпы, еліміздегі білім саласын дамыту үшін көп жұмыс атқарылды. Нақты нәтижелер де бар. Былтыр оқушыларымыз 30-дан астам беделді халықаралық олимпиада мен ғылыми жобаға қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алды.

Ауыл мектебінен шыққан республикалық олимпиада жүлдегерінің саны 10 есе ұлғайды. Осылайша, қала мен ауыл мектебіндегі білім сапасының алшақтығы айтарлықтай азайып келеді. Алайда арқаны кенге салуға әлі ерте, алдымызда көп жұмыс бар, оны тиімді атқаруымыз қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БІЛІМ РЕФОРМАЛАРЫН САРАЛАҒАН АБЗАЛ

Мемлекет басшысы жиында білім беру саласында әлі күнге дейін шешімін таппай отырған біраз түйткіл барын сөз етті. Сондықтан бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталды.

— Біріншіден, оқу-ағарту саласындағы кадр тапшылығын жойып, ұстаздардың біліктілігін көтеру қажет. Бұл бағытта жүйелі шаралар қолға алынууда, нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның арқасында білім саласын тандаған жастардың қатары көбеюде. Бұл — жақсы үрдіс. Биылдың өзінде мектеп бітірген 12 мыңнан астам түйек педагогикалық мамандық бойынша мемлекеттік грант иегері атанды. Олардың 2 мыңнан астамы — мектепті «Алтын белгімен» бітіргендер. Дегенмен қалғар мәселесін түпкілікті шешу үшін әлі де біраз шаруа атқарылуға тиіс.

Елімізге тағы да 5 мыңнан астам мұғалім керек. Себебі халық саны тұрақты түрде артып келеді. Соңғы жылдары салынып жатқан мектептердің саны да едәуір көп. Осы жағдай педагог мамандарға

деген сұранысты арттырып отыр. Бұл мәселе бойынша министрлік тын тәсілдер ұсынуға тиіс. Сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін көтеру мәселесіне ерекше назар аударған жөн. Алайда осы саладағы кезекті ауқымды реформаны жасаймыз деп, бүкіл оқу жүйесін қысқа мерзімде түбегейлі өзгертуге болмайды. Әйтпесе, бұрыннан қалған теріс нәтижелер осы аса маңызды саланың тас-талқанын шығарғаны есімізде бар. Осындай сынақтар оқу саласына үлкен зиян әкелді. Тек реформа үшін жай ғана аты бар, заты жоқ реформалар жүргізуді доғару қажет. Басқа сөзбен айтқанда, реформаларды, өзгерістерді, әріне жүргізу керек, бірақ ондай өзгерістер мұғалімдерді әбден шаршатып, оларды күйзеліске ұшыратпауы керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, әрбір реформаны, әсіресе білім саласындағы реформаны жүзеге асыру алдында оны жан-жақты саралау қажет, оның тиімділігіне әбден көз жеткізу керек. Реформа, бұл — бастапқы сынақ, эксперимент емес, бұл — жауапты шешім мен іс-шара. Үкімет педагогикалық жоғары оқу орындарының қызметін қайта қарау кезінде бұл мәселені міндетті түрде ескеруге тиіс.

— Ұстаздарды мектеп пен балабақшадағы жұмыстың кәсіби ерекшеліктеріне барынша бейімдейтін бірыңғай жүйе құру қажет деген ұсыныс бар екен. Оны жан-жақты қарап, қажет болса, іске асыру керек. Бұл іске әдістемелік орталықтар, мектепке дейінгі, орта және қосымша білім беру мекемелері белсене атсалысуға тиіс. Осы салаға жауапты министрліктер педагогтардың жана буынын даярлау үшін күш жұмылдыруы керек. Бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұмыла әрекет ету қажет.

Өздеріңізге мәлім, мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету үшін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы құрылды. Бірақ бүгінде бұл ұйымның жұмысы мардымсыз деуге болады. Мәселен, маған ұстаздардан аттестация ережесін қайта қарау туралы көптеген өтініш келіп түсті. Мұғалімдер артық жүктеменің және қағазбастылықтың көп екенін айтып, шағымданып отыр. Осыған орай, мен педагогтарды аттестациядан өткізу талаптарын оңтайландыру, жетілдіру жөнінде нақты тапсырма бердім. Бұл жерде бағалаудан мүлде бас тарту немесе оны күрделендіру туралы сөз болып отырған жоқ, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, білімді әділ бағалау — білім беру жүйесінің өзегі.

— Бізге мейлінше түсінікті әрі ашық жүйе керек. Бұл — өте маңызды мәселе, оны қарастырған кезде жоғары жауапкершілік пен мінсіз кәсібилік таныту қажет. Тиісті министрлік бұл мәселемен айналысып, көп ұзамай нақты ұсыныстар беруге тиіс. Біліктілікті көтеру бағдарламаларына жана Конституция құндылықтарын, сондай-ақ «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» идеяларын енгізген жөн, бұл қызметтік міндет деп айтуға болады, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы тұста екінші мәселе ретінде аймақтар арасындағы білім сапасына қатысты алшақтықты жоюды атады. — Осы тұста Ұлттық бірыңғай тестілеудің биылғы нәтижелеріне тоқталуға келеді. Мәселен, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарының, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының түлектері жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Ал Түркістан, Ұлытау, Атырау, Ақтөбе және Алматы облыстарындағы жағдай жақсы деп айту қиын.

(Жалғасы 2-бетте)



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабының 2-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының бірінші сессиясы 2026 жылғы 28 тамызда сағат 11-де Астана қаласында шақырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 26 тамыз
№ 1411

САУДА СЕРІКТЕСТІГІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапурдың Аға министрі Ли Сянь Лунмен кездесті.



Мемлекет басшысы әңгімелесу барысында Ли Сянь Лунның алғашқы сапары еліміз үшін тарихи мәнге ие екенін атап өтті.

— Осыдан 35 жыл бұрын, Қазақстан тәуелсіздігінің елең-алаңында, яғни 1991 жылдың қыркүйегінде өкеніз Ли Куан Ю Қазақстанға келді. Сол сапар өзара қарым-қатынасымыздың берік негізін қалаған еді. Біз Сингапур басшылығының көреген саясатын жоғары бағалаймыз. Қаржы, сауда, инновация мен технологияның жандық орталығына айналудағы жетістіктеріңіз таңғалдырады. Сіздің еліңіздің тәжірибесі бүкіл халықаралық қоғамдастыққа үлгі болып отыр, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Оған дәлел — тұрақты саяси диалог, сауда-саттықтың өсімі және сингапурлық капиталдың көптеп тартылуы.

— Қазақстан мен Сингапур Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия өңірлерінде ірі сауда серіктестері болып қана береді. Қазақстанда 500-ге тарта Сингапур капиталы бар компания жұмыс істейді және олардың қатары арта түсуде, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, елдеріміз көпжақты форматтар аясында тығыз байланыс орнатқан. Екі мемлекет те орта держава саналады. Осы орайда Президент халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша тараптардың ұстанымдары ұқсас екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси өзгерістер туралы әңгімелесі. Мемлекеттік басқару мен саяси жүйені одан әрі жетілдіруге бағытталған бастамалар «Күшті Президент, ықпалды Құрылтай және есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген.

Мемлекет басшысы Қазақстан қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруға және шетелдік инвесторлардың құқығын қорғауға баса назар аударатынын айтты. Елімізде бірқатар сингапурлық компания мен қорлар, соның ішінде PSA International, Temasek Holdings сияқты кәсіпорындар табысты қызмет етуде.

Бұдан бөлек, көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық барысы талқыланды.

— Біз авиациялық хақты дамыту аясында арта түскен сұранысқа сай болу мақсатында Астанада жана заманауи әуежай салу жөнінде шешім қабылданды. Осы орайда Сингапурдың озық тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырып отыр. Чанги әуежайы әлемдік авиацияда «алтын стандарт» ретінде танылған. Түімділігі жоғары әрі озық инновациялар енгізілген кешен жолаушыларға мінсіз қызмет көрсетеді. Біз жана жобаны іске асыруда осы тәжірибені ескеріп, авиация саласындағы екіжақты ынтымақтастықты жана деңгейге көтеруге ниеттіміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Сингапур арасында жасанды интеллект және цифрландыру бойынша ықпалдастықты жандандыруды ұсынды.

— Қазақстан — цифрлық мемлекет. Еліміз цифрлық технология мен жасанды интеллект саласында көш бастайды. Бұған осы салада жүргізіліп жатқан жүйелі реформалар ықпал етті. Біз Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құрып, Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жарияладық, — деді Президент.

Сингапурдың Аға министрі Ли Сянь Лун екіжақты ынтымақтастықтың күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік бергені үшін Президентке алғыс айтып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елеулі жетістіктерді атап өтті.

— Алғашқы Құрылтай сайлауының табысты өтуімен құттықтаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен іске асырылып жатқан ауқымды саяси реформаларды қолдаймын. Екіжақты қарым-қатынасымыз жана әрі сапалы деңгейге көтерілді. Қазақстан компанияларының Сингапур нарығына қызығушылығы артып келеді. Осыған байланысты келісімшарт-құқық базасы да ойдағыдай дамуда. Инвестицияларды өзара қорғау, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімдер ратификацияланды. Мұны атап өткен жөн, — деді Ли Сянь Лун.

Әңгімелесу барысында экономика, көлік-логистика, «ақылды» қалаларды дамыту, ауыл шаруашылығы, аса маңызды минералдар және туризм салаларындағы ықпалдастықты кеңейту перспективасына баса мән берілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастықтың дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Ли Сянь Лунды I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

27 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

(Басы 1-бетте)

Әсіресе тиісті министрлік пен әкімдік Түркістан облысындағы ахуалға назар аударуы керек. PISA ұйымының зерттеуі де Түркістан облысындағы білім сапасының мәз емес екенін көрсетті. Бұл — аймақтың оқу-ағарту жүйесінде олқылықтар әлі бар деген сөз. Бірақ облыстағы жағдайды дағдарыс деп те айтуға болмайды.

Мәселе мынада: облыста білім алып жатқан оқушылардың 75 пайызға жуығы ауылда тұрады. Олардың жан-жақты және қарқынды дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Қажетті инфрақұрылым салып, шалғай елді мекендерге мықты мамандарды тартқан жөн. Бұл — Үкіметтің және әкімдіктердің алдында тұрған жедел міндет, жұмысты жоспарлы түрде тездетіп аткарып, нақты нәтижелерге қол жеткізу қажет. Жалпы, төмен нәтиже көрсеткен барлық аймақтың әкімдері бұл бағыттағы жұмысты күшейтуі керек. Үкіметке осы жұмысты тиімді үйлестіруді тапсырамын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігіне Үкіметпен бірлесіп, төмен нәтиже көрсеткен облыстарға нақты көмек көрсетуді, мысалы, арнайы талдау жүргізуді тапсырды. Ал Үкімет білім жүйесінің тиімділігін арттыра түсетін жан-жақты зерттелген шешімдер ұсынуға тиіс. Бұл мәселеде жетістікке ие болған мектептер мен даму институттарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған жөн.

— Құзырлы министрлік орта білімнің мазмұнын заман талабына сай жаңғыртуы қажет. Мысалы, тарихи аңыздар мен шындыққа сай келмейтін оқиғалардың орнына өскелең ұрпаққа ілгерілеуге, прогреске бағытталған пәндерді оқыту қажет. Ал тиісті бағдарламаларды даярлау, бұл — министрліктің жедел мақсаты.

«Келешек мектептер» инновациялық шешімдерді енгізу және ұлттық білім беру үлгісін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқаруы керек. Осы орайда Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына зор жауапкершілік жүктеледі. Алдағы үш жыл ішінде «Келешек мектептері» білім берудің озық тәжірибелерін сынақтан өткізетін орталыққа айналуға тиіс.

Білім жолы — сынағы мен қиындығы көп жол. Осы жолда табысқа жетіп, бейнеттің зейнетін көру үшін, ең алдымен, табанды еңбек ету қажет. Түптеп келгенде, бәріміздің мақсатымыз — бір, мүддеміз — ортақ екенін естен шығармаған абзал, — деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Президент бір мәселеге арнайы тоқталды.

— Көбінізге белгілі, әлеуметтік желіде білім саласына қатысты қызу пікірталастар болып тұрады. Кейде мұндай дау-дамайларға білім жүйесінің бұрынғы және қазіргі лауазымды тұлғалары араласып жататыны көзге түсетін болды.

Өкінішке қарай, осындай тартыстар білім саласына пайдасын тигізеді деп айту қиын. Өркениетті пікірталастардың орнына айқай-шу мен даңғазаны тыңдап отыруға мәжбүрміз. Тіпті ұстаздар қауымы да ондай пікірталастардың түпкі мәнін түсіне алмай дал болады.

Әрине балалардың болашағы үшін алаңдап, ұғымды ұсыныстар білдіру — бір бөлек өңгіме. Ал жанашыр болып емес, жақсы атты болу үшін пікір білдіру — тіптен басқа мәселе. Өнбейтін дауды қуып, өрісімзді кенейте алмайтынымыз анық. Қазір бос, бұрыс сөздің уақыты емес, нақты, дұрыс істің дәуірі. Осыны ескерген жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БІРТҰТАС ЖҮЙЕГЕ БЕТБҰРЫС

Мемлекет басшысы үшінші мәселе ретінде Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізуді атады. Жана цифрлық дәуірге қадам басқан тұста адами капитал дамуың аса маңызды факторына айналып отыр. Әрі бұл — Қазақстанның артықшылығы.

— Балаларымыз — талантты. Әлемде жоғары бәсекеге қабілетті екенін көрсетіп жүр. Бірер күн бұрын Ақордада лайықты марапаттарын алу үшін халықаралық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары арнайы келді. Осы оқу жылында дарынды балаларды қосымша ынталандыру шараларын қабылдауды тапсырдым. Олимпиададағы табыстарына ғана емес, ғылыми жобалар байқауындағы жеңістері үшін де ақшалай сыйақы беріледі.

БІЛІМДІ ДАМУЫНҒЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ КӨРСЕТІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім болашағы» көрмесін аралап көрді. Республикалық тамыз конференциясы аясындағы іс-шара саланы дамытудың заманауи тәсілдеріне арналған.

Президентке «Талдау орталығының» жұмысы және жасанды интеллектіні пайдаланатын талдау құралдары көрсетілді. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаевқа мұғалімнің сабакқа



Озық технологиялар мен жастардың зияткерлік әлеуеті үйлесім тауып, қазірдің өзінде елеулі экономикалық нәтиже беріп отыр. Жана стартаптар ашылып, алғашқы «сынармүйіз» стартаптар» пайда болды. Осы тәжірибені кеңейту үшін білім беруді басты орынға қоятын инновациялық экожүйе құру қажет. Сол себепті Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында саланы басқарудың платформалық үлгісіне көшу басталды. Білім беру базасын жаңғырту қолға алынды. Яғни бүкіл мемлекеттік сервис пен қызмет біріктіріледі. Мұғалімдер уақыт алатын шаруадан арылады. Әсіресе соңғысы өте маңызды. Педагогтарды ығыр қылатын қағазбастылықтан, бітпейтін есептен, аттестациядан өту талабынан және басқа да пайдасыз тексерістерден босату керек.

Мұғалімдерді жөндеу жұмыстарына, оқу процесіне тікелей қатысы жоқ түрлі қоғамдық іс-шараларға тартқаны туралы жаңалықтар ара-тұра шығып жатады. Бұл жөнінде әлдеқашан келіскенбіз. Бұған жол беруге болмайды. Оқу-ағарту министрлігі мен әкімдіктер басқармалары, ең алдымен, құқықтық-нормативтік актілер мен саланы реттеу базасын жетілдірумен, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырумен және білім беру бағдарламаларын мұқият саралаумен айналысуы қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Үкімет жұртшылыққа нәтижелі жұмыстың қорытындысын жариялағанын, мектеп оқулықтарынан 700-ден астам өрескел қате табылғанын мәлімдеді.

— Мұның бәрі орта білімнің сапасына нұқсан келтірді десек, артық айтқандық емес. Әлгінде ғана тексерілмеген тарихи деректер мен оқиғалар сипатталатын, балаларға жалған «қаһармандар» мен олардың «ерлігі» жөнінде әңгімелейтін аңыздар енген оқу материалдарын қайта қарау қажет екенін айттым. Жалған, ойдан құрастырылған мәліметтер тарату арқылы балаларды отаншылдыққа тәрбиелеу жақсылыққа апармайды. Бұл халқымыздың ар-ұжданына кайшы.

Биыл мамыр айында Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Алайда жана оқу жылының қарсаңында тапсырма тиісті деңгейде орындалмады. Бұл үлкен кемшілік. Себебі неде? Бәрібір технология қаршытап дамыған заманда мұндайға жол беруге болмайды. Балалар мен педагогтардың жасанды интеллектіні жүйелі әрі дұрыс қолдану тәртібін белгілейтін пәрменді шараларды шұғыл қабылдау қажет. Жастар, әсіресе ауыл жастары цифрлық құрылғыларды, мәселен, смартфонды тұрақты табыс табуға пайдалана білуі керек. Сіздерді құлаққағыс етейін, Жолдауда осы жөнінде нақты міндет қоямын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздегі цифрлық мемлекеттен цифрлық халық экономикасы деген түсінікке көшу қажет екенін ескертті. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект пен оның мүмкіндіктері ермек емес, кіріс көзі болуға тиіс. Жоғары білім саласында жасанды интеллектіні пайдаланудың этикалық, құқықтық және ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеретін ортақ стандарт бар. Үкімет дәл осындай стандартты орта және кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне де енгізуі қажет.

— Жана формация мамандарын даярлауды орта білімнен бөліп қарауға болмайды. Төменнен жоғары қарай біртұтас жүйе

болғаны жөн. Осы орайда 18 жасқа толған жасөспірімдердің мектеп партасында отырғаны қаншалықты дұрыс деген орынды сауал туады. Әдетте Назарбаев зияткерлік мектептерінде және жекеменшік білім ошақтарында солай қалыптасқан. Қазіргі балалар физиологиялық тұрғыдан тез жетілетінін ескерсек, бұл қаншалықты ақылға қонымды? Министрлік осы мәселені қарастырып, қажет болса тиісті шешім жолдарын ұсынады деп ойлаймын. Конституциямызда жалпыға бірдей білім беру стандарты белгіленген. Мұны міндетті түрде ескеру керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қыркүйекте Жасанды интеллект университеті ашылатынын, бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлайтынын айтты. Сол үшін Үкімет Қытайдың жана технологиялар мен менеджерге жетістігі мен тәжірибесін ескере отырып, Астанада Қазақстан — Қытай жасанды интеллект мектебін ашу мәселесін пысықтағаны жөн.

Президент атаған төртінші мәселе — балаларды қорғау және олардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.

— Бұл — мемлекет саясатындағы негізгі басымдықтар бірі. ЮНИСЕФ Қазақстанның осы салада Орталық Азия елдеріне ғана емес, Еуропадағы бірқатар мемлекетке үлгі бола алатынын мәлімдеп отыр. Бұл халықаралық ұйымға ризашылығымды білдіремін.

Шын мәнінде, біз бұл бағытта көп жұмыс атқардық. 2024 жылдан бері «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы аясында 7 миллионға жуық баланың есепшотына қаражат аударылды. 2024 жылы — 695,5 миллион доллар, 2025 жылы — 888,8 миллион доллар, 2026 жылы 901,7 миллион доллар болды. Бұл жұмыс еліміздің үлкен жетістігі екені сөзсіз. Көптеген мемлекет балаларға арналған осындай ауқымды қолдау саясатын жүргізе алмай отыр.

Жыл басынан бері «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы жүзеге асырыла бастады. Бұл құжатта өскелең ұрпақты қолдауға арналған шаралардың бәрi көрініс тапты. Барлық аймақта балалардың құқықтарын қорғау басқармалары, сондай-ақ психологиялық қолдау орталықтары құрылды, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инклюзивті білім беру жүйесі қарқынды дамып келе жатқанын баяндады. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер де бар. Мәселен, ақпараттың шамадан тыс көбейіп кетуі қоғамға, соның ішінде жас ұрпаққа кері әсерін тигізе бастады. Мұндай ахуал азаматтардың жұмыс қабілетін төмендетеді. Бұл, әсіресе болмыс-бітімі енді қалыптасып келе жатқан балалар үшін өте қауіпті.

— Әлеуметтік желілер, цифрлық платформалар, жасанды интеллект пен агрессивті маркетинг балалар дүниетанымына отбасы мен мектептен кем әсер етпейді. Өскелең ұрпақтың психологиялық саулығы мен эмоциялық тұрақтылығы, адамгершілік тәрбиесі ұлттық қауіпсіздікке және елдің орнықты дамуына ықпал ететін маңызды факторға айналады.

Қазіргі жағдай 2018 жылы қабылдаған «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» заңды қайта қарауды және елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді. Үкімет 16 жасқа толмаған пайдаланушыларға әлеуметтік желіде тіркелуге тыйым салатын заң жобасын әзірледі (биыл маусым айында Парламент қарауына ұсынылды). Құрылы-

стайдың бірінші сессиясының ашылуында депутаттарға осы мәселені қарастыруды ұсынамын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, Үкімет балаларды қорғау мақсатында мазмұнды (контентті) сүзгіден өткізу шараларын қабылдағаны жөн.

— Белгілі бір, мейлінше объективті себептерге байланысты жауапкершілікті ата-аналарға ғана артып қоя алмаймыз. Сондықтан балаларға арналған міндетті SIM-карталарды енгізу тәжірибесін жаппай таратуды тапсырамын. Бұл олардың ақпараттық имунитетін қамтамасыз ете алады.

Тағы бір мәселе. Фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді. Дәрігерлердің бақылауында қант диабетіне шалдыққан 7 мыңға жуық бала бар. Олардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Көптеген ел құрамында май, қант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасына тыйым салуды немесе шектеу қояды. Бұл — өте күрделі мәселе. Түрлі шетін тұстары, пікірталастарға негіз болған медициналық, тіпті саяси астары бар. Дегенмен Үкімет, ең алдымен, балаларымыздың саулығын ойлап, аталған проблеманы ұнғыл-шұңғылын мұқият зерделеуі керек, — деп тілге тиек етті Мемлекет басшысы.

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Ел Президенті бесінші түйткіл ретінде бала тәрбиесі мәселесіне баса мән беру қажетін айтты.

— Қоғамда заң мен тәртіпке, тазалыққа, мәдениеттілікке негізделген жаңа этика қалыптастыру ісі дәл осы маңызды миссияны жүзеге асырудан басталады. Қазір елімізде 7 миллионға жуық бала бар. Жастармен қоса есептегенде олардың үлесі халық санының жартысына жуықтайды.

Еліміздің келешегі жарқын болсын десек, ең алдымен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Жастардың бойына отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіруіміз қажет. Әйтпесе, салынған мектептерден, білім саласындағы инновациялық шешімдерден ең нәтиже болмасы анық. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласы айрықша рөл атқаратыны баршаға мәлім.

Балалар мектепке зор ынтамен баруы қажет. Олар мектепті білім алатын, құрластарымен араласатын және өміріндегі ең тамаша жылдарды — балалық пен жастық шақтың шынайы ғажап кезеңдерін өткізетін өз үйінде қабылдауға тиіс. Қалай болғанда да, жағдай дәл солай болуы қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тағы бір өзекті мәселе — жастардың құқықтық сауатын арттыру жайын атады.

— Менің тапсырмам бойынша, осы жылдан бастап мектептерде «Құқық негіздері» пәні оқытылатын болды. Бұдан бөлек, оқу бағдарламасына «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстары енгізіледі. Негізгі мақсат: тек заңды сақтайтын, Конституцияны сыйлайтын жастар ғана жарқын келешекке, мол табысқа қол жеткізеді, түсінікті тілмен айтсақ, бақытты өмір сүреді.

Ал заңға немқұрайлы қарайтын, заң ережелерін бұзып жүрген жастар қылмыстық қазысын алып, өз өміріне балта шабуға. Өкінішке қарай, бұл өте қарапайым ақиқатты көптеген жас азамат білмейді де, түсінбейді де. Біздің міндет — оларға өмірдің осы шындығын түсіндіріп айту, — деп атап өтті Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, оқулықтардың мазмұны заман талабына, сондай-ақ жана Конституция идеяларына сай болғаны өте маңызды. Осы міндеттің сапалы әрі уақытылы орындалуына Үкімет пен тиісті министрлік тікелей жауапты.

— Мен бұған дейін мектептер мен жоғары оқу орындарына экологиялық ағарту саласының бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі жөнінде айттым. Үкімет бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтауға тиіс.

Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қолданыс аясын кеңейте түсу керек. Қазір бұл бағдарлама, негізінен, орта білім саласында ғана жүзеге асырылып жатыр. Ұрпақ тәрбиесі — ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды міндет. Дегенмен осы мәселеге келгенде барлық жауапкершілікті тек мектептерге

артып қою дұрыс емес. Біз тұтас қоғам болып, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз керек. Ең маңызды мақсат: Конституцияның негізгі қағидаттары ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болуға тиіс. Жастарымыз Конституцияны жақсы білуі қажет. Сонда ғана қоғамымыз өркениетті, білімді, ұқыпты, ал еліміз өте дамыған әрі озық болатынына күмән жоқ, — деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінше, балалардың ғылымға қызығушылығын оятпасақ, адам әлеуетін нығайту мүмкін емес. Бұл істе оқушыларға арналған ғылыми музейлер мен зерттеу орталықтары маңызды рөл атқаратынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Дәл осындай аландар оқушыларға білімін іс жүзінде қолданып көруге, тәжірибе жүргізуге, ғалымдардың еңбегімен танысуға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

— Осы орайда Астанада, Алматыда және бірқатар облыс орталығында балаларға арналған Жаратылыстану музейін ашу орынды деп санаймын. Екі жыл ішінде Астана, Алматы, Қызылорда қалаларында Президенттік кітапханалар өз жұмысын бастайды. Мұндай кітапханаларды Шымкентте және басқа да облыс орталықтарында салу жоспарда бар. Демеушілер аталған бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін.

Конституциямызда көрсетілгендей, Қазақстан — зайырлы мемлекет. Сондықтан білім беру мекемелерін көбірек салуға, білім беру жүйесін дамытуға және жетілдіруге ден қояйық. Өскелең ұрпақты өркениетті әрі жасампаз құндылықтар негізінде тәрбиелеу — ортақ парызымыз. Мемлекет, ұстаздар және ата-аналар күш біріктіргенде ғана балаларымыздың үйлесімді дамуына барлық жағдайды жасай аламыз, басқаша айтқанда, жарқын болашағына жол ашамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы тұста Ұлы Абайдың «Адам баласының ең жаманы — талапсыз» деп бекер айтағанын сөз етті. Өзіне сенімсіз, жасық, әр нәрсеге мұная беретін, үнемі күйзелісте жүретін кертартпа адамның болашағы бұлыңғыр.

— Қазақ — кез келген сын-қатерді еңсеруге дайын жұрт, келешегіне сеніммен қарап, алға қарай батыл қадам басытын нағыз жеңімпаз ұлт. Өткенге өкпе артып, тарихтағы сәтсіздіктер үшін басқа халықтар мен мемлекеттерді айыптау — болмысымызға мүлдем жат дүние. Біз өскелең ұрпақты осындай кеселден, теріс түсініктен сақтауымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласына зор жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан ұстаздарымыз, ең алдымен, ойы таза, ниеті түзу, жақсылыққа, жарқын болашаққа деген сенімі зор жігерлі азаматтарды тәрбиелеуге тиіс.

Отаншыл, білімпаз, жанаңашыл, талапты, еңбекқор адамдар елдің көшін алға бастайды. Риза болатыным: мен осы қасиеттерді өскелең ұрпақтың бойынан анық көремін. Жастарымыз әрдайым жақсылыққа ұмтылады, еліміздің келешегіне зор сеніммен қарайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев нағыз отаншылдық дегеніміз жемісті, табанды еңбек екенін айта келе, әр саладағы еңбектің маңызды, оның жаманы немесе ұлтқа зиян әкелетіні болмайтынын тілге тиек етті.

— Қалірі ұстаздар! Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу — бәріміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек. Халқымызда «Білім — таусылмас қазына» деген сөз бар. Сапалы білім мен нағыз ғылымға ұмтылсақ, біз барлық мақсатымызға қол жеткіземіз.

Білікті мұғалімдеріміз, дарынды жастарымыз, мызғымас бірлігіміз барда еліміз кез келген белесті бағындырады. Бұған еш күмәнім жоқ. Ұстаз — ұлттың шамшырағы. Мұғалімнің еңбегі ең жоғары құрметке лайық. Мен бүгін бір топ ұстазды жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршаныңа құтты болсын деймін! Қызметтеріңізге табыс тілеймін. Жаңа оқу жылы жемісті болсын!, — деп түйінделі сөзін Мемлекет басшысы.

Жиын соңында Президент білім берудегі аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар педагогты мемлекеттік наградамен марапаттады.

М.ТӨЛЕУ



ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫ ШТАБ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ



Астанада «Әділет» партиясының республикалық сайлауалды штаб командасын марапаттау рәсімі өтті.

Партия Төрағасы Айбек Дәдебай сайлау науқаны кезінде еңбек еткен кандидаттарға, республикалық сайлауалды штаб қызметкерлеріне, сенімді өкілдерге, бақылаушыларға, заңгерлерге, сарапшыларға, еріктілер мен белсенділерге алғыс айтты. Ол сайлау нәтижесін ең алдымен азаматтардың партияға білдірген зор сенімі мен үлкен жауапкершілік деп есептейтінін жеткізді.

«Бұның артында халқымыздың зор сенімі, әрқайсымыздың табанды еңбегіміз

тұр. Ендігі міндетіміз — нақты іспен жауап беру. Алда бәрімізді үлкен жауапкершілік, ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын айтып жатырмыз. Сондықтан бүгінгі жеңіс мәреге жеткеніміздің белгісі емес, бұл — жана кезеңнің басталуы деп қабылдауымыз керек», — деді Айбек Дәдебай.

Партия Төрағасы алда тұрған жана бірпалаталы Құрылтайдың жұмысына да тоқталды. Ол Мемлекет басшысы Құрылтай сайлауын еліміздің дамуындағы тарихи маңызы зор оқиға деп атап, жана тұлғалар мен жана идеялардың саясатқа келуіне ерекше мән бергенін еске салды.

«Қасым-Жомарт Кемелұлы Құрылтай сайлауын еліміздің дамуындағы тарихи маңызы зор оқиға деп атап өтті. Жана

бірпалаталы Құрылтай ел дамуына тың серпін беретініне үлкен үміт артатынын да айтты. Президентіміз Құрылтайға жана тұлғалар, жана идеялардың келгеніне ерекше мән берді. Әсіресе жастардың ел ісіне араласып, мемлекетімізді дамытуға тікелей атсалысуына мүмкіндік беру қажеттігін жеткізді. Бұл енді бізге артылған міндет, сондықтан осыны жалғастыруымыз керек. Сонымен қатар бұл жана Құрылтайға да үлкен міндет пен жауапкершілікті жүктеп отыр», — деді Айбек Дәдебай.

«Әділет» партиясы фракциясының негізгі міндеттері — қабылданатын заңдардың сапасын арттыру, азаматтар алдындағы уәделерді орындау және әрбір



занның ел дамуына қызмет етуін қамтамасыз ету. Алдағы жұмыстың тағы бір басымдығы өңірлермен тұрақты байланыс орнатып, азаматтардың пікірін ескеру болмақ. Сайлау науқаны кезінде түскен ұсыныстар, өтініштер мен талап-тілектер жүйеленіп, партияның алдағы жұмысында ескеріледі.

Айбек Дәдебай азаматтарға партияның бастамаларының жүзеге асырылуы туралы ашық әрі тұрақты түрде ақпарат берудің маңызын ескертті. Сонымен қатар фракция жұмысы елдегі әр азаматтың мүддесін ескере отырып жүргізілуі тиіс екенін айтты.

Жиын соңында республикалық сайлауалды штаб қызметкерлері, сенімді

өкілдер, бақылаушылар, сарапшылар, волонтерлер мен сайлау науқанына қатысқан белсенділер алғыс хаттармен марапатталды.

Сайлау қорытындысы бойынша «Әділет» партиясы сайлаушылардың 71,17% дауысын жинады. Сайлау науқаны барысында елімізде 247 сайлауалды штаб жұмыс істеді. Кандидаттар, сенімді өкілдер мен үгіт топтары қалалар мен ауылдардың тұрғындарымен, түрлі әлеуметтік және кәсіби топтардың өкілдерімен кездесті. Мобильді керуендер шалғай елді мекендерге барды. Дауыс беру күні партияның бақылаушылары мен сенімді өкілдері сайлау учаскелерінде жұмыс істеді.

САРАПШЫЛАР ҚҰРЫЛТАЙ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Қоғамдық саясат институтының TALQYLAU сараптамалық алаңында Құрылтайдың күн тәртібі мен алдағы міндеттері талқыланды. Жиынға саясаттанушылар, қоғам белсенділері және «Әділет» партиясының өкілдері қатысты.

Жиналғандар ең алдымен қолда-ныстағы заңнаманы жана Конституцияға сәйкестендіру қажеттігін атап өтті. Саясаттанушы, депутаттыққа кандидат Айдос Сарым Құрылтайда комитеттер жасақталғаннан кейін кәсіби және сарапшылық қауымдастықпен жүйелі жұмыс жүргізу маңызды екенін айтты.

«Комитеттер жасақталғаннан кейін салалық қауымдастықтармен, «Атамекен» ҰҚП және бейінді ұйымдармен жұмыс бастау маңызды. Бірлесіп, басымдық берілетін мәселелерді айқындауымыз керек», — деді Айдос Сарым.

Талқылауда мемлекеттік бағдарламалардың өңірлерде қалай жүзеге асырылып жатқанын парламент тарапынан бақылау мәселесі де сөз болды.

«Әділет» партиясы саяси сұрастыру мүшесі, депутаттыққа кандидат Белла Газдиева сайлау науқаны барысындағы тұрғындармен кездесу кезінде мұндай бақылауды күшейту қажеттігі бірнеше рет көтерілгенін жеткізді.

«Өңірлерді аралағанда азаматтардың нақты сұранысын көрдік: адамдар

депутаттардан формалды есеп емес, қабылданған шешімдер мен мемлекеттік бағдарламалардың жергілікті жерде қалай жүзеге асырылып жатқанын нақты бақылауды күтеді. Құрылтай осындай бақылаудың пәрменді тетігіне айналып, өңір тұрғындарын алаңдататын мәселелерді үнемі назарда ұстауы керек», — деді Белла Газдиева.

Қатысушылар депутаттар құрамын жанарту және парламенттік жұмыстың жана тәсілдерін енгізу мәселелерін де талқылады. Саясаттанушы, депутаттыққа кандидат Бөріхан Нұрмұхамедов Құрылтай жұмысының алғашқы күндерінен бастап мазмұнды пікірталас пен заңнамалық бастамаларды кәсіби талдау мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін айтты.

«Депутаттар құрамының едәуір жаңаруы қалыптасқан парламенттік рәсімдерге жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Егер жана құрам алғашқы күннен бастап шынайы пікірталас, кәсіби талдау және заң жобаларын мазмұнды талқылау тәжірибесін енгізсе, бұл кейінгі шақы-

рылымдарға да жалғасатын орнықты дәстүрге айналуы мүмкін», — деді Бөріхан Нұрмұхамедов.

Депутаттыққа кандидат Айжан Ыскакова қабылданатын заңдардың жергілікті жерлерде қаншалықты тиімді жұмыс істейтініне назар аударды.

«Бізге республикалық деңгейде де, жергілікті деңгейде де бірдей тиімді жұмыс істейтін заңдар қажет. Бүгінде кейбір мәселелерді әлі де қолмен басқару тәсілімен шешуге тура келеді. Біздің міндетіміз — осы алшақтықты азайтып, елдің барлық өңірінде бірдей жұмыс істейтін түсінікті тетіктерді заңнамаға енгізу», — деді Айжан Ыскакова.

Талқылаудың арнайы бір бөлігі Құрылтай жұмысының ашықтығына және шешімдер әзірлеу кезінде талдау мүмкіндіктерін пайдалануға арналды. Сарапшылар депутаттардың азаматтардан келіп түсетін өтініштермен жұмысын көрсететін цифрлық профильдерді дамытуды, комитеттердің жұмысына тәуелсіз сарапшыларды тартуды және «Е-парламент» жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтуді ұсынды.

Кездесу қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар жүйеленіп, Құрылтайдың алдағы жұмысына арналған талдамалық ұсынымдар топтамасына енгізіледі.

Сайлау науқаны аяқталған соң, «Әділет» партиясы ел аумағында пайдаланылған үгіт материалдарын жинауға кірісті. Бұл жұмыс «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылып, еліміздің барлық өңірінде жүргізілді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АЯСЫНДА ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ЖИНАДЫ



Партия кандидаттары, жастар қанатының белсенділері, өңірлік штабтардың өкілдері мен волонтерлер көшелерден, аулалардан, аялдамалардан және арнайы белгіленген ақпараттық алаңдардан үгіт материалдарын жинады.

«Әділет» партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидат Акерке Ескендірова мен Ақжол Құрмансейіттің айтуынша, мұндай жұмыс «Таза Қазақстан» қағидаттарын жалғастырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді.

«Жауапкершілік — «Әділет» партиясының негізгі қағидаттарының бірі. Біз үшін өз құндылықтарымызды нақты іспен көрсету маңызды. Үгіт жұмыстарын өзіміз жүргіздік, сондықтан науқан аяқталғаннан кейін материалдарымыз орналастырылған барлық алаңды ретке келтіруді дұрыс деп санаймыз. «Таза Қазақстан» мәдениеті ең алдымен жеке жауапкершіліктен, өз еңбегінді құрметтеуден және қоршаған ортаға ұқыпты қараудан басталады», — деді кандидаттар.

Астанада волонтерлер ақпараттық стендтер мен басқа да алаңдардағы үгіт материалдарын жинады. Алматыда жұмыс

қаланың барлық ауданында жүргізілді. Шымкентте акцияға 70-тен астам адам қатысып, қалалық алаңдар мен нысандардағы үгіт материалдарын алып тастады.

Белсенді жұмыс 17 өңірде де жүргізілді. Атырау облысында 350 белсенді қоғамдық орындардан шамамен 700 килограмм баспа материалдарын жинады. Ақтөбе облысында 300-ден астам волонтер 334 ресми алаң мен сауда нысанын үгіт материалдарынан тазартты. Шығыс Қазақстан облысында үгіт материалдары орналастырылған 467 ресми нүктеде жинау жұмыстары жүргізілді. Қарағандыда 100-ге жуық белсенді аула мен орталық көшелерді тазалау жұмыстарына қатысты. Ақцияға Ақмола, Павлодар, Батыс Қазақстан және басқа да облыстардағы партия мүшелері де қосылды.

Жиналған плакаттар, паракшалар мен баннерлер қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға жіберілді.

Жалпы, үгіт науқаны кезеңінде партия жұмысына өңірлер бойынша шамамен 8 мың белсенді жұмылдырылды. Үгіт материалдарын жинау жұмыстары белсенділердің сайлау науқаны аяқталғаннан кейінгі жұмысын қорытындылады.

27 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Осыдан 14 жыл бұрын моноқалалардың жаңа мәр-тебесі айқындалып, арнайы бағдарлама қабылданған-тын. Содан бері жағдай біраз өзгерді. Жалғыз кәсіпорынға күні қараған шаһарлардың тағдыры әртүрлі қалып-тасты: бірі жаңа заманның ағымына ілесіп өрлеу жолына түссе, кейбірі әрі қарай тоқырау тұңғығына батып, ахуалы ауырлай түсті. Олқылықтың орнын толты-рып, өңірлерге соны сер-пін беру үшін Үкімет жаңа шараларды қолға алды. Бұл өзгерістер моноқалалардың түтінін түзу ұшырып, өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтере ала ма?

Айхан ШӘРІП

Өз Жолдауларында Мемлекет басшысы моноқалалар мәселесіне үнемі жеке тоқ-талады. Мысалы, 2024 жылғы Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев алып өндірістің аркасында ғана тіршілігін болашаққа жалғап жатқан қалаларды заман талабына сай жаңғыртудың жолын нұсқалды.

— Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Саран қаласының экономикасын әртараптандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыс-тық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның аркасында бұл елді мекен моноқалалар санатынан шығарылды. Баска да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет. Жалпы, аймақтардың өсіп-өркеңдеуіне жол аша-тын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек, — деп тапсырды Президент.

Бұл тапсырма қаншалықты орындал-ды? Үкімет шағын шаһарлардың эконо-микасын сәтті диверсификациялаудың мысалы ретінде Қарағанды облысындағы Саран (Соран) қаласында автокөлік шин-аларын шығару өндірісінің іске қосылуын алға тартты. Осының аркасында ол моно-қалалар санатынан құтылыпты. Сондықтан бұл тәжірибені жаңа өсу нүктелерін құру үшін басқа өңірлерде де қолдану қарастырылған.

Сондай-ақ Сарандағы негізгі жоба-лардың қатарында теледидар және кіржу-ғыш машиналар шығаратын зауыт та аталып жүр. Silk Road Electronics тұрмыстық техника зауытында өндіріс жұмыстары 2025 жылдың 18 тамызында басталды. Жыл соңына дейін 10 мың теледидар мен 25 мың кіржуғыш машина шығарылыпты. Кәсіпорын толық қуатқа шыққан кезде жылына 150 мың теледидар мен 200 мың кіржуғыш құрастыруға қауқарлы. Онда SmartThings экожүйесін (ЖИ элементтері және қашықтан басқару функцияларын) қолдайтын кіржуғыштың 17 түрі жасалады. Бұл — қазақша интерфейсі бар осындай алғашқы техника. Мұның сыртында Crystal UHD 4K, FHD және HD формат-тарындағы Smart TV теледидарларының 21 моделі өндіріледі.

АСПАНМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШҚАН АРКАЛЫҚ

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 8 қыркүйектегі соңғы Жолдауында Арка-лықтың әуежайын қалпына келтіру жұ-мыстарын тезірек аяқтауды, тұтастай



Елар ҚАБА (солдау)

МОНОҚАЛАЛАР: ЕСКІ ӨНДІРІСТЕН ЖАҢА ӨРІСКЕ

алғанда, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуын айрықша назарда ұстауды Үкіметке қадап тапсырды. Пре-зидент қойған бұл міндет орындалды. Өткен апта соңында, араға 33 жыл салып, Арқалық әуежайы қайта ашылды. Оның әуе қақпасы 2026 жылдың 22 тамызында елордадан ұшқан алғашқы жолаушылар рейсін қабылдады.

Әуежайды қалпына келтіру жұмыстары 2025 жылы басталып, оған жалпы құны 20,4 миллиард теңге жұмсалған. Құрылыс барысында қираған әуежайы және баска инфрақұрылымы толығымен жандартылып, жаңа жолаушылар терминалы, заманауи үшу-қону жолағы, диспетчерлік мұнара және құтқару стансасы салынды. Халық-аралық әуе көлігі қауымдастығы Арқалыққа АҰК қолын қайтарды. SCAT әуе компания-сы CRJ200 ұшақтарымен тұрақты рейстерді бастап та кетті.

Үкіметте өңірлерді дамытуға жауап беретін тұлға, вице-премьер — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Қостанай облысының Арқалық қаласын және Торғай өңірін әлеуметтік-экономи-калық дамытудың 2026–2028 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданғанын жеткізді. Үшжылдық жоспар 10 негізгі бағыт бойынша 51 іс-шараны қамтиды.

Жоспарда агроөнеркәсіптік кешенді, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға, инфрақұрылымдық жобаларды іске асы-руға, сондай-ақ кәсіпкерлік және инве-стициялық белсенділікті қолдауға ерекше назар аударылды. Арқалық қаласында бірқатар ірі инвестициялық жобаны іске асыру көзделіп отыр. Олардың ішінде 6 мың бас ірі қара малға модульдік репро-дуктор құру, желатин және биоактивті сүйек матрицасын шығаратын зауыт салу, 10 мың бас қой үшін мал шаруашылығы кешенін, 6 мың басқа арналған бордақылау алаңын салу. Бұдан басқа, құрамажем зауытын пайдалануға беру, қуаттылығы жылына 300 млн жұмыртқа шығаратын құс фабрикасын кеңейту және жаңғырту жоспарланған.

Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов 2026 жылға жалпы сомасы 78,4 млрд теңгеге 33 іс-шараны іске асыру көзделгенін хабарлады. «Барлығы жоспар-лы мерзімде іске асуы үшін қажеттінің

бәрін жасаймыз. Осы жылы облыстық бюджеттен 8,8 млрд теңге бөлінді. Бұл негізгі жобаларды толық көлемде қаржы-ландыруға мүмкіндік берді. Оның ең бастысы — Арқалық әуежайының құры-лысы. Әуежайды іске қосу әуе қатынасын қалпына келтіріп қана қоймай, көлік қатынасы, инвестициялық тартымдылықты айтарлықтай арттырып, өңірді дамытудың жаңа кезеңін ашты», — деп атап өтті Қ.Ақсақалов.

Сонымен қатар Арқалықта абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, бос тұрған ғима-раттар қалпына келтіріліп жатыр. Аула-ішілік аумақтар мен вокзал маңындағы алаңдар жөнделген. Қалада университет ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ Жезқазған—Арқалық автожолын жөндеу жұмыстары соңғы кезеңге өтті. Кезінде боксит өндірісімен күн көрген қала бүгінде ауыл шаруашы-лығына ден қойды. Arkalyk QUS ЖШС құс фабрикасының тең құрылтайшысы Максим Божко бұл кәсіпорынды ірілендіру үшін қос сатылы жаңғырту жобасы басталғанын мәлімдеді. Бұл өндіріс көлемін екі есеге — жылына 150 млн-нан 300 млн жұмыртқаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

— Биыл 70 млн жұмыртқаға арналған жаңа қораларды пайдалануға береміз. Өзіміздің құрамажем зауытын салуды жоспарлап отырмыз. Келесі жылы тағы 80 млн құсқа қора тұрғызылады. Қазір бізде шамамен 250-270 адам жұмыс істейді. Штатты 370 қызметкерге дейін көбейте отырып, 100-ден астам қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік бар, — деді М.Бож-ко. Сөйтіп, бүгінде Арқалық моноқалалар тізімінен шығарылып отыр. Бұдан былай ол шағын қала саналады.

ТАУЛАР АЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТЫНЫС

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі өзіндегі моноқалалардың дамуына қатысты ақпарат ұсынды. Шағын шаһарлардағы әрбір жаңа инфрақұрылым — ірі оқиға, өрлеудегі серпін болса керек. Ресми мәлі-метке жүгінсек, Ридлер қаласында 70 орындық Ridder Inn қонақүйі пайдалануға берілді. Екінші бірі біле бермес, бірақ осы моноқала — тау туризмің, экстрим мен

таза ауаны ұнататындар үшін біршама тартымды орын. Қала маңында және оған жақын аймақта туристік тартымды орындар жеткілікті. Ішіндегі ең бір көрнектісі — Алтай тау жүйесінің құрамына кіретін Иванов жотасы мен «Үміт» асуы. Альпілік шалғындар мен жасыл ормандармен жанарды жаулайтын бұл аймақ — треккинг пен жаяу серуен жасауға таптырмас жер. Мұнда таудың саф таза ауасымен тыныстап, жаңға жайлы тыныштық табуға болады.

«Ақбас» және Үбі өзенінің өзі неге тұрады?! Таудан аққан мөп-мөлдір, айна-дай жарқыраған таза өзендер мен сарқыра-малар туристерді қызықтырады. Өзен бойы рафтинг жасауға және эколагерь құруға қолайлы. Ридлер маңында тау шаңғысы базалары бар. Мұнда марал шаруашылықтары дамытылып жатыр. Қаржы құйыlsa, Ридлер өңірінде пантымен емделіп, денсаулықты жақсарту мақса-тындағы емдік туризм қарқын ала алар еді. Қалада Емдеу және аңшылық мақсат-тағы ірі марал шаруашылығын салу жоба-сы қолға алыныпты. Нысан 2027 жылы қолданысқа беріледі деп жоспарланған.

«ШҚО турификациялау картасы» бекітілді: оған сәйкес жағажай, тау шаңғысы, емдеу-сауықтыру, экологиялық және ауылдық туризм бағыттары бойынша 23 басым туристік аумақ бекітілді. Оларда турбаза, қонақүй салатындарға қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұ-рылымды әкімдік тартып береді.

Халықтың объектілер мен қызметтерге қол жеткізуінің міндетті деңгейін қам-тамасыз ету үшін қаланың өзінде 2025 жылы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 600 орындық мектеп пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, Ридлерде 200 төсектік стационар, бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхананың құрылысы аяқталды. Валюта бағамының өзгеруіне және медициналық жабдықтардың қымбаттауына байланысты гематология орталығының құрылысын тәмамдау 2026 жылға ауыстырылған екен. Сонымен бірге спорт бағытында қалада шаңғы-роллерлік трасса ел игілігіне тапсырылды. Қаржы жетіспеуіне байланысты Ридлер және Шемонаиха қалаларында денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы 2026-2030 жылдарға көшірілді.

Облыс әкімдігінің мәліметі бойынша биыл «Қазмырыш» ЖШС Ридлер метал-лургиялық кешеніндегі ГК-30-І нысанын реконструкциялап, іске қосқан. Сereбрян бейорганикалық өндіріс зауытының қыз-меті қайта басталыпты. Бұрыннан құлазып, қирап, бос жатқан тағы бір зауыт Ertis Bereke Oskemen компаниясына сенімгерлік басқаруға беріліп, екінші тынысы ашылыпты. Инвестор 6,1 млрд теңге қаржысын салып, қазақстандық Su Bere-ke брендті қайта шаруашылығы суару машиналарының өндірісін жолға қойған.

МОНОҚАЛАЛАР ТІЗІМІ ӨЗГЕРДІ

Алып кәсіпорындардың айналасында қалыптасқан қалалардың дамуына жаңа серпін беру мақсатында Үкімет 2025 жылдың соңынан «Өрлеу» атты жаңа бағдарламаны іске қосты. Ол ірі кәсіп-орындар маңындағы өндірістік коопера-цияны өрістетуге, оларға қызмет көрсететін, шикізаты мен өнімін өткізетін, қажетті материалдармен қамтамасыз ететін шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған. Биыл бұған жалпы 750 млрд теңге бөлініп отыр. Оның 300 млрд теңгесі — «Даму» қорынан, 450 млрд теңгесі — банктен. Бұл қаражат жылдық мөлшерлемесі 12,6%-дан аспайтын жеңілдетілген кредит түрінде беріледі.

Өңірлердің орнықты әрі теңгерімді дамуын қамтамасыз ету үшін Үкімет

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі өңірлік даму тұжырымдамасын бекітті. Құжат халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және моноқалалардың экономикалық әлеуетін ашуға да бағытталған. Әлеуметтік, инженерлік және көлік нысандарына қолжетімділіктегі теңсіздіктерді жоюға айрықша назар аударылмақ. Ал даму деңгейі ең төмен өңірлерге Өңірлік стан-дарттар жүйесі негізінде республикалық бюджеттен басым тәртіппен қаржы бөлінетін болады.

Моноқалаларды дамытудың өзге де шаралары әзірленді. Олардың қатарында ірі кәсіпорындар мен жергілікті тауар өндірушілер арасында ұзақмерзімді келі-сімшарттар мен офтейк-келісімшарттар жасасу, индустриялық аймақтар құру, ішкі құндылық бағдарламаларын енгізу, шағын және орта бизнесті дамыту және басқа да тетіктер бар.

Моноқалаларды дамыту бағдарламасы қабылданғалы бері он бес жылға жуық уақыт өтті. Осы кезеңге көз жүгіртсек, ең алдымен бір маңызды өзгеріс көзге түсе-ді: моноқалалардың саны шамамен 30%-ға қысқарған. Алғашқы бағдарламада 12 өңірдегі 27 қала қамтылған еді. Уақыт өте келе, Текелі, Қаратау, Жанатас, Жезқазған, Саран, Арқалық, Екібастұз және Сereбрян монокала мәртебесінен айырылды.

Алайда бұл өзгерістің бәрі үшін бірдей жақсы жаңалық болған жоқ. Бір қалалар жаңа кәсіпорындар ашып, экономикасын әртараптандыру арқылы монокала мәртебесінің тар шеңберінен табиғи түрде «өсіп шықты». Мәселен, Саран мен Екібастұз осындай жолдан өтті. Ал кейбір қалалар, керісінше, тоқырауға ұшырап, шағын қалалар санатына ауысты. Сere-брянның тағдыры — соның бір мысалы.

Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сәйкес, 2026 жылғы қазіргі тізімде халық 9,8 мыңнан 175,7 мың адам-ға дейінгі 19 монокала қалды. Даму әле-уеті орташа моноқалалар тобына 11 елді мекен жатады. Соның алтауында өткен жылдар ішінде халық саны да азайған. Мәселен, Жанаөзен 2012 жылдан бері 22,5 мыңға жуық тұрғыннан айырылған, халық саны 22,7%-ға кеміген. Лисавоскіде тұрғындар саны 15,6%-ға, Ридлерде 11,7%-ға қысқарды. Ал Хромтауда халық саны 22,8%-ға, Құлсарыда 19,8%-ға, Абайда 6,3%-ға өсті.

Ең перспективалы санатқа, яғни экономиканы әртараптандыру жолына түскен қалалар тобына 5 елді мекен кіреді. Олардың қатарында халық саны ең көп Теміртау (175,7 мың), сондай-ақ Рудный, Аксу, Кентау, Степногор бар. Бұлардың экономикалық тұрақтылығы жоғарырақ. Себебі олар ірі өнеркәсіптік қалалардың ықпал ету аймақтарында орналасқан және экономиканы даму көрсеткіштері де тұрақты.

Бүгінде моноқалаларға бағдарланған мемлекеттік қолдау шаралары жаңа өн-дірістер мен сервистік нысандарды іске қосуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеуді, сауданы, логистиканы және туристік қызметтерді кеңейтуге жағдай жасауға бағытталып отыр. Негізгі міндет — жанарған инфрақұрылымды жаңа жұмыс орындарын ашумен, халықтың табысын арттырумен ұштастыру.

Осының бәрі монокала тұрғындарына туған жерінде қалып, жемісті еңбек етуге, табысын еселеуге, кәсіпкерліктен айна-лысуға және қаланың экономикалық өміріне белсенді араласуға кең мүмкіндік береді. Ең бастысы — бір кәсіпорынға тәуелді қалалардың тағдырын өзгертіп, олардың болашағын әртараптандырылған экономикамен, жаңа өндірістермен және жергілікті бизнестің қуатымен байла-ныстыру.

ТРАНЗИТТІҢ БІР ТЕТІГІ

Қазақстан авиациясында кейінгі жылдары байқалған өсім са-ланың жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетеді. Бұған дейін әуе көлігі көбіне жолаушылар тасымалы тұрғысынан бағаланса, қазір жүк транзиті, мультимодальды логистика және халықа-ралық рейстерді техникалық сүйемелдеу мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Елдің Еуропа мен Азия арасындағы география-лық орны бұл бағытқа қолайлы болғанымен, оны экономикалық артықшылыққа айналдыру үшін инфрақұрылым, жанармай және әуе паркi қатар дамуға тиіс.

Кәмила ДҮЙСЕН

2026 жылғы қантар-шілде аралығында Қазақстан әуежайлары 102,5 мың тонна жүк өңдеді. Бұл былтырғыдан 10 пайызға көп. Алайда осы көлемнің 64 пайыздан астамы, яғни 66,1 мың тоннасы Алматы әуежайына тиесілі. Бір жағынан, бұл Алматының негізгі жүк хабы ретіндегі орнын көрсетеді. Екінші жағынан, жүк тасымалының бір әуежайға шамадан тыс шоғырланғанын аңғартады.

Әуе компаниялары үшін картадағы қолайлы нүктеден гөрі сол жердегі қызметтің құны мен сапасы маңызды. Ұшақтың жылдам қабылдануы, жүктің кідіріссіз өңделуі, техникалық қызметтің қолжетімділігі және жанармаймен тұрақты қамтамасыз етілуі жаңа бағыт ашу туралы шешімге тікелей әсер етеді. Сондықтан Қазақстанның авиациялық хаб ретіндегі болашағын әуежай терминалдарының санымен ғана бағалау біржақты болар еді.

Бұл ретте авиациян нарығы алдыңғы қатарға шығады. Биыл отандық зауыттар 825 мың тонна авиациялық отын өндіруге тиіс. 2032 жылға қарай өндірісті 1,7-1,8 млн

тоннаға жеткізу көзделген. Өткен жылы елде шамамен 770 мың тонна авиациялық отын өндірілген. Мұндай өсім ішкі сұранысты өтеумен қатар, транзиттік рейстерді тартуға да мүмкіндік береді. Бірақ мәселе тек өндірілген отынның көлемінде емес.

Авиаотын кейбір бағыттарда билет құнының 30 пайызына дейін жетугі мүмкін. Демек, оның бағасы мен қолжетімділігі авиакомпаниялардың маршруттық саясатына ықпал етеді. Егер ұшаққа жанармай құю қымбат немесе жеткізу жүйесі тұрақсыз болса, географиялық тұрғыдан тиімді орна-ласқан әуежайдың өзі халықаралық тасы-малдаушы үшін тартымдылығын жоғалтады.

КМГ-Аэро мамандарының дерегіне, Қазақстандағы негізгі мәселенің бірі — авиаотын стандарттарын әртараптандыру. Елде дәстүрлі түрде ТС-І және РТ маркалары пайдаланылып келеді. Ал халықаралық әуе компанияларының басым бөлігі Jet A-1 отынымен жұмыс істейді. Бұл айырмашылық бір қарағанда техникалық мәселе болып көрінгенімен, іс жүзінде Қазақстан әуежай-ларының әлемдік авиация нарығына қаншалықты бейімделгенін көрсетеді.

Қазір әлемдік әуе тасымалына геосаяси тұрақсыздық тікелей ықпал етіп отыр.



ізлеуге мәжбүрлеуде. Егер жерүсті инфра-құрылымы жедел дамытылса, Қазақстан бұл трафиктің елеулі бөлігін өзіне тарта алады».

Бұл ретте барлық әуе ағынын бір қалаға шоғырландыру міндетті емес. Астана Еуропа, Ресей және Орталық Азия арасындағы әкімшілік, іскерлік және дипломатиялық бағыттарға қызмет көрсете алады. Ал Алматы агломерациясына және Қытай шекарасына жакын Alatau City жүк тасымалына бағыт-талған мультимодальды орталық ретінде қарастырылуы мүмкін. Әуе, теміржол және автокөлік логистикасын бір жерге тоғыстыру Қытайдан келетін тауар ағынын өңдеуге мүмкіндік берер еді.

Хабтың экономикалық әсері транзитпен ғана өлшенбейді. Ұзақ аялдайтын жолаушылар қонақүйі, қоғамдық тамақтану, сауда және экскурсия қызметтеріне сұраныс қалыптастырады. Сондықтан stop-over-туризмді дамыту әуежайды өңір экономикасымен байланыстырып, транзиттен қосымша табыс табуға жол ашады.

АГРОСЕКТОР

27 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

АУЫЛ ТУРИЗМІНІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТПАҚ



Елімізде 10 мыңнан аса турагент пен 600-ден аса турооператор ресми жұмыс істейді. Алайда көбі бүгінге дейін ел ішінде емес, шетелдік турларды сатумен айналысатын. Дегенмен қазір туризмнің жаңа бағыты біртіндеп дамып келеді. Бұл бағыт қоғамдастыққа негізделген туризм (Community based tourism) деп аталады. Қарапайым түрде жеткізсек, туризм саласындағы жаңа бағыт – агротуризм. Бұл бағыттың ерекшелігі – бір қауымның, яғни бір ауылдың тұрғындары туристік қызмет көрсетіп, табыс таба алады.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Осы ретте Премьер-Министр Олжас Бектенов жыл басындағы Үкімет отырысында туристік аймақтарға қатысты бірнеше мәселе барын қозғап, жауапты ұйымдарға Туризмді дамыту тұжырымдамасының іс-шаралар жоспарын жаңарту қажет деп тапсырма бергені ойға оралады. Туристік маусым басталған кезде де Премьер-Министр облыс әкімдеріне туристік инфрақұрылымдарды дамытуға байланысты ескертулер берді. Бұл іс-шаралар ауыл туризмін дамытуға каншалықты әсер етіп отыр?

Агротуризм Еуропа елдерінде, соның ішінде Испания, Италия, Франция және Беларусь елінде жаксы дамыған, тіпті әрбір шаруашылық түрінен пайда табудан бөлек, оны туристерге таныстыру арқылы да екі есе табыска жетуге болатынын дәлелдеп отыр. Мысалы, гүл өсірумен айналысатын кәсіпкерлер туристерді гүл бағына, гүл фермаларына туристер тартып, ерекше демалыс бағдарламасын ұсынып жатады, сонымен қатар флористермен шеберлік сабағын өткізеді. Бұл елдерде жүзім бағына бару, одан шарап дайындау, ауыл шаруашылығы өнімдерін алу, жинау немесе омарта шаруашылығын аралау секілді өңірдің шынайы өмірін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін танытуға бағытталған демалыс түрін жиі өткізеді. Әрине, елімізде де жағымды жаналық жоқ емес, кейінгі кезде ауылдық туризмнің дамуына бағытталған қолдау іс-шаралары, арнайы жобалар іске асып жатыр. Сарапшылар да Қазақстанның агротуризмге сұранып-ақ тұрған ел екенін баса айтады.

ТАБЫС ТЕТІГІ

Кейінгі кездері экологиялық туристік аймақтарға жақын орналасқан ауыл тұрғындары агротуризмнен табыс табуға болатынын енді түсініп келе жатқандай, дегенмен жана істі бастауға жүрексінетіндер де көп. 2023-2029 жылдарға арналған Туризмді дамытуға арналған тұжырымдамаға сәйкес, қазір ауылдарда туристерге қызмет көрсету бойынша ауыл тұрғындарын оқыту іс-шараларын өткізу, агротуризм субъектілерінің тізілімін жүргізу және инвестициялар тартуға бағытталған бірқатар шара қолға алынып жатыр.

Мәселен, енді ауыл тұрғындары өз үйінде туристерді қонақ қылып, табыс таба алады. Солайша, еліміздің табиғи, мәдени, тарихи және ауыл шаруашылығындағы жетістіктерін шетелдік туристерге танытуға, мол қаржы табуға мүмкіндік туады. Бұл жобаны Қазақстан туристік қауымдастығы қолға алған. Қауымдастық шетелден келетін туристерге әсерлі демалыс сыйлау мақсатында ауыл тұрғындарына «Қонақжай үй» жобасын ұсынып, арнайы нұсқаулық дайындап, тұрғындарды оқытып, табыс табуға бағыт беріп отыр. Қауымдастық 2005 жылдан бері елдегі экологиялық туризм, агротуризмді дамытуға үлес қосып келеді. Сонымен қатар 2005-2008 жылдары USAID және Еуразия қорының қаржылық қолдауымен қоғамдастыққа негізделген туризмді дамыту жобасын сәтті жүргізіп, 88 қонақүй ашылған еді. Осылайша, 2000 жылдардың басында-ақ еліміздің шығыс, оңтүстік, орталық аймағында және Алматы облысында туристік бағыттар дами бастаған еді.

Осы орайда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына қарасты Туризм департаментінің басқарушы директоры Дамиля Құнанова да ауылдық аймақтарда қонақ күту үйлерінің ерекше маңызға ие бола бастағанын айтты.

— Бұл тәсіл қонақүй салуға қомақты қаражат жұмсамай-ақ, қолда бар ресурсты пайдалануға мүмкіндік береді. Ауыл тұрғын-

дары қонақжайға орналастыру қызметінен бөлек, тамақтандыру, экскурсиялар, дегустациялар, шеберлік сабағы, фермалар мен омарта шаруашылығына бару, балық аулау, жидек теру, бау-бақша өнімдерін жинау және басқа да қызметтерден табыс таба алады. Қазақстан туристік қауымдастығының дерегіне сүйенсек, қазір 200 қонақ күту үйі нақты жұмыс істеп тұр,— дейді Дамиля Құнанова.

Ал қонақ күту үйлерінің жеке мемлекеттік есебі әзірге жүргізілмейді екен, дегенмен мүмкіндікті пайдаланып үйін туристерді күтуге арналған қонақжай ретінде тіркеп, жұмысын жүргізіп жатқан жандар жоқ емес. Яғни, мұндай ерекше қонақ күту үйлері еліміздің туристік аймақтарына жақын орналасқан ауылдарда қиындықсыз жұмыс істеп жатыр. Белсенді ауыл тұрғындары ағылшын тілін менгеріп, шетелдік туристерге қазақ мәдениетін насихаттап, түрлі іс-шара ұйымдастырып жүр. Алайда тәуекелге бел буып, жана бағытта өзін сынап көретін тұрғындар көп деп айта алмаймыз, себебі көбі шаруашылық немесе кәсіпкер ретінде тіркеліп, жұмыс істеуден қорқалы.

Ауыл тұрғыны үйін қонақ күтуге арналған үй ретінде тіркесе, кәсіпкер ретінде

“ Кейінгі кездері экологиялық туристік аймақтарға жақын орналасқан ауыл тұрғындары агротуризмнен табыс табуға болатынын енді түсініп келе жатқандай, дегенмен жаңа істі бастауға жүрексінетіндер де көп.

салық төлеуге міндеттеледі. Ал істі енді бастап, аяққа тұра алмай жатқан ауыл тұрғыны үшін мемлекет тарапынан қолдау да керек. Тұрғындардың дені агротуризмге жеңілдік беретін бағдарлама болғанын қалайды. Дамиля Құнанованың айтуынша, өкінішке қарай, қазір елімізде дәл қонақ күту үйлеріне арналған жеке салық режимі немесе арнайы қолдау жоқ. Қонақ күту үйлеріне арналған салықтық немесе қаржылық жеңілдіктер қарастырылмаған. Біз маманнан ауыл тұрғындарына берілетін жеңілдіктер жөнінде де сұраған едік. Туризмді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жоспарында әзірге ауыл тұрғындары үшін агротуризм және экотуризм, оның ішінде қонақ күту үйлерін жүргізу бойынша практикалық сабақтар өткізу ғана қарастырылтыты. Егер адам туристерді орналастыру қызметтерін жүйелі түрде көрсететін болса, ең түсінікті нұсқа — жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, тиісті салық режимін тандау.

— 2026 жылдан бастап белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдана алады. Ал базалық мөлшерлеме табыстың 4%-ын құрайды, бұл ретте мәслихаттар оны белгіленген шектерде өзгерте алады. Егер сөз тұрғын үйді бір рет немесе әдеттегі тәртіппен жалға беру туралы болса, алынған табыс та салық салуға жатады, — дейді маман.

Оның айтуынша, қызметтерді тұрақты түрде көрсету, оларды Booking, Airbnb және басқа да платформалар арқылы жарнамалау қызметтің кәсіпкерлік сипатта екенін және тиісінше жеке кәсіпкер ретінде тіркелу қажетін көрсетуі мүмкін.

Ал Алматы облысындағы Саты ауылының тұрғыны Жұлдыз Тілегенқызы туристік аймақта орналасқан ауылдарда кәсіп жүргізу тиімді екенін айтады. Әсіресе ауыл тұрғыны өз үйін туристерді күтуге пайдалана алуы — үлкен мүмкіндік. Жұлдыз ханым жыл сайын біртіндеп кәсібін дамытып жатқанын жеткізді.

— Жолдасым екеуіміз туристерді күтуден 2013 жылдан бері айналысып келе жатырмыз. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп жұмыс істейміз. Негізінен, бізге бағыт-бағдар берген ата-енем еді. Ол кісілер 1989 жылдан бері бұл саланы қолға алған екен. Қазір заман талабына сай етіп, ісімізді біртіндеп дамытып келеміз. Ары қарай да осы істі жалғастырып, жандандырып, үлесімзді қосқымыз келеді, жоспарымыз да көп, — дейді ауыл тұрғыны.

Жұлдыз Тілегенқызы қазір туристерді жатын орынмен қамтамасыз етіп, шағын асхана жүргізіп отыр, сонымен қатар қонақтарға монша да ашыпты. Қызығы, ауыл кәсіпкері ешқандай да жарнама да жүргізбегіті, ел бір-бірінен естіп-ақ келеді дейді.

ЖАРНАМАНЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Бүгінде 2023-2029 жылдарға арналған туристік саланы дамыту тұжырымдамасына сәйкес, өңірлердегі фермерлік шаруашылықтарға, омарталар мен марал фермаларына бару, бал және сүт өнімдерінің дәмін тату, ірімшік, қымыз және шұбат өндірумен танысу, шарап және гастрономиялық турлар өткізу, егін жинауға қатысу, ұлттық тағамдар, жылқы шаруашылығы және қолөнер бойынша шеберлік сабақтарын ұйымдастыру шаралары қолға алынып жатыр. Елордада жыл сайын ұлттық мәдениетке және қазақтың ұлттық тағамдарына арналған халықаралық BaiQymyz гастрономиялық фестивалін ұйымдастыру дәстүрге айналып жатыр. Ал 29 тамызда Ақтау қаласындағы Амфитеатр алаңында SHU-BAT FEST-2026 республикалық ұлттық гастрономиялық фестивалі өтпек. Бұл іс-шара шұбатты ұлттық бренд ретінде дәріптеуге, түйе шаруашылығын қолдауға және өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталып отыр. Демек, агроөнімдерді насихаттауға арналған түрлі жоба халық көңілінен орын тауып отыр. Осы орайда Дамилия Құнанова сала осылайша дами түсетінін, бәрі ретімен іске асатынын түсіндіріп берген еді.

— Басты міндетіміз — агротуризмді туристке жана тәжірибе, ал ауыл халқына қосымша табыс пен даму мүмкіндігін беретін толыққанды туристік өнімге айналдыру үшін жағдай жасау. «Атамекен» ҰҚП тарапынан статистикалық есеп пен заннамалық базаны жетілдіруді, туристерді қабылдағысы келетін фермерлер үшін тиімді жағдай жасауды, ауыл тұрғындарын оқытуды жалғастыруды, инфрақұрылымды жақсартуды және қонақ күту үйлер мен ауылдық жерлердегі басқа да нысандарды туристік маршруттарға белсендірек енгізуді маңызды деп санаймыз әрі бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз, — дейді Д.Құнанова.

Расында да, ауылдық туризмді дамытуға, агроөнімдерді насихаттауға бағытталған

ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРА ШАРУАНЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАЙДЫ

Көктемгі егіс, күзгі орақ әр шаруашылықты сынға салар шақ. Әрине, көбіне шаруаға, диқанға қаржы қолбайлау болатыны да шындық. Қазір елімізде бұл мәселе Аграрлық несие корпорациясы арқылы шешіліп жатыр. Қарағанды облысында кейінгі 5 жыл ішінде агробизнесі дамытуға 104 млрд теңге берілгені – соның дәлелі.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

— Аграрлық несие корпорациясының мақсаты — қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін құру арқылы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдесу. Корпорация түрлі несие бағдарламасын ұсынуа. Мәселен, «Кең дала», «Кең дала 2», «Іскер», «Агробизнес», «Жастарды шағын несиелеу» деген бағдарламаларымыз бар. Қазір Қарағанды облысы бойынша филиалы аймағымыздағы 3 мыңдай шаруа қожалығына өз қызметін көрсетуде. Кейінгі 5 жыл ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Қарағанды филиалы арқылы Қарағанды облысының агроөнеркәсіптік кешеніне 104 миллиард теңгеден астам қаржы берілді. Оның үштен бірінен астамы — 41,25 миллиард теңге — өткен жылы және 2026 жылдың алғашқы алты айында игеріліп, өңірдегі 600-ге жуық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге қолдау көрсетілді, — деді «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Мүсіреп Хасенов.

Оның айтуынша, «Кең дала 2» жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасы өңір экономикасының дамуына тын серпін беріп отыр. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында қаржыландыру жұмыстары мерзімінен бұрын жүзеге асырылған.

Аграрлық несие корпорациясының «Кең дала 2» бағдарламасы аясындағы төмен пайызбен берілетін жеңілдетілген қаржыландыру жергілікті шаруа қожалықтарының көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуді айтарлықтай жеңілдеткен. Өтінімдерді жедел қарау маусымға алдын ала қамдануға мүмкіндік берсе, өнім жиналғаннан кейін қаражатты қайтарумен қолайлы кестесі келесі жылдың жұмысын тиімді жоспарлауға жол ашқан. Яғни, осы бағдарлама аясында өңірдегі 175 шаруашылық жаппай дала жұмыстары басталғанға дейін 15,48 миллиард теңге алды.

— «Агробизнес» үшін мұндай қарқын өңдеу кәсіпорындарын қолдау бағдарламасы аясында облыстың оннан астам тамақ өнеркәсібі кәсіпорны 4 миллиард теңгеден астам қаржы алды. Олардың қатарында өңір тұрғындарына жақсы таныс «Нәтиже Сүт фабрикасы», «Ақнар», «Вольнский» және «Дамир АА» брендтері бар.

Айта кету керек, «Аграрлық несие корпорациясының» қолдауы нәтижесінде айналым қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты өндірістік қуаттары толық пайдаланылмаған қайта өңдеу кәсіпорындары өндіріс көлемін 80-100%-ға дейін арттырды. Осының арқасында зауыттар қажетті шикізатпен қамтамасыз етілсе, фермерлер тұрақты өткізу нарығына ие болды.

Бұл тетіктердің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін Осакаров ауданындағы шаруашылықтардың мысалынан көруге болады.



Өзінің элеватор кешені мен автопаркі бар «Батаева» астық өндіруші ЖШС «Кең дала 2» бағдарламасы аясындағы жеңілдетілген қаржыландыру мен жана технологиялардың арқасында егіс алқаптарын кезек-кезеңімен ұлғайтып келеді.

— Біздің қожалық астық шаруашылығымен айналысады, 2 500 гектардай жерге дәнді-дақыл егеміз. 2019 жылдан бері «Аграрлық несие корпорациясының» қолдауын көріп келеміз. Осы уақыт аралығында біз екі «Кировец», «Ютонг» тракторын, Акрос, Вектор комбайндарын алдық. Негізінде өз қаражатымызға да осы техникаларды ала алар едік. Бірақ мемлекеттің қолдауы, субсидияның арқасында біздің шаруалық жылдам жетістікке жетіп, іргелі шаруа қожалықтың біріне айналады деген сенімдемін, — дейді «Батаева» астық өндіруші ЖШС басшысы Ризван Батаев.

Ал Осакаров ауданы Садовый ауылында тұратын Қаймақовтар әулеті ауыл шаруашылығымен айналысады және қайырымдылық істерімен танымал. «Жасұлан» шаруа қожалығының басшысы Медеубай Сайлауұлы өз қаражатымен туған ауылына жаңа мешіт салдырғанымен де белгілі. Медеубай Қаймаков басқарып отырған қожалықта 1 000 жылқы, 300 сыыр, 200 қой да бар. Олар сүт фермасын ашқан және ауылдың 14 тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

— Шаруашылықты 2025 жылдан бастап, басқарып келемін. Қазір екі ұлым өсіп қолғанат болып отыр. Біздің «Жасұлан» шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясынан» жүйелі түрде қаржыландырылуда. 2024 жылы шаруашылық «Агробизнес» бағдарламасына қатыссақ, 2026 жылы көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы әрі кідіріссіз жүргізу үшін «Кең дала» бағдарламасына қосылдық. Техникалық базамызды жанарттық. «Аграрлық несие корпорациясының» қаражатына төрт комбайн, бюлер комплексін және де басқа арнайы техникалар алдық. Ауылды көтеруге еңбек етіп жатқан оларға тек алғыс айтамыз, — дейді «Жасұлан» шаруа қожалығының басшысы Медеубай Сайлауұлы.

25 жыл бойы ауыл шаруашылығын шаруа қожалықтарымен, ауыл еңбеккерлерімен бірге дамытып келе жатқан «Аграрлық несие корпорациясы» осы жылдар ішінде ауыл шаруашылығына 6,1 трлн теңге инвестиция жасады, 189 мың ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылды, 994 инвестициялық жоба іске асты, оның 955-і бүгінде табысты жұмыс істеп тұр.

Бұл сандардың негізінде жаңа ферма, заманауи қайта өңдеу кәсіпорындары, мыңдаған жұмыс орны, игерілген миллиондаған гектар жер және қазақстандықтардың дастарқанына күн сайын жететін сапалы өнімдер тұр.

ТАМЫЗ ТАЛАБЫ

27 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

БАСТАУЫШТЫҢ ҚАМЫ – БАҒАДАН

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Қала көшелерінде мектеп формасын іздеген ата-ана, сөмкесін арқалап көріп жүрген бала, кеңсе тауарын түгендеген отбасы көбейді. Бала үшін бұл – жаңа білімге бастар алғашқы қадам болса, ата-ана үшін қыркүйекке дейін үлгеруге тиіс қомақты шығынның қамы мен заттың бағасы. «Былтыр бұдан арзан еді ғой», «Екі балаға алсам, түсіресіз бе?», «Мынаның сапалысы бар ма?» деген сауал әр жерден естіледі. Біз де көпшілікке ілесіп, базар мен дүкендерді аралап, бір баланы мектепке дайындау биыл қаншаға түсетінін есептеп көрдік.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Елімізде биыл 380 мыңнан астам бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттамақ. Ал Тараздың өзінде 80 мемлекеттік мектепке 8 мыңнан астам бірінші сынып оқушысы келеді деп күтілуде. Әрине, баласы үшін барын беретін ата-ананың алғашқы легі тамыз айының басында-ақ мектепке дайындықты бастап кеткен.

Біз «Ауыл–Береке» базарына барып, әуелі бала жетектеген ата-ананың көптігіне көз жеткіздік. Содан әлеуметтік желіде «Уәлихан» кеңсе тауарлары» деп жарнамасы жер жарған кеңсе тауарларын сататын қатардан бастадық. Ішке кірсең ине шанышыр жер жоқ. «Анау канша?», «мынаны алып бер», «әрі тұр», «бері жылжы» деп сабылсқан көпшілік ішінен сатушыны әрен таптық. Өзін Забира деп таныстырған сатушы бұл тек сауда нүктесінің біріншісі ғана деді. Бірі дәптер санатып жатса, енді бірі сөмке тандап әлек. Сатушы бір мезетте бірнеше сатып алушының сұрағына жауап беріп үлгеруге тырысады.

— Саудаласқан адамға баға жағын келісеміз. Қазір адам көп. Әсіресе кешкі уақытта сауда қызады. Танғы сағат 9:30-дан кешкі 20:30-ға дейін осындамыз. Бір сатушының өзі үлгермейді, сондықтан әр butikте екі адамнан жұмыс істеп жатырмыз. Сенбі-жексенбі, тіпті, үлгермей кетеміз. Ол кезде жақын ауыл-аймақтың барлығы базарға ағылады, — дейді сатушы. Сатушының сөзін жәрменкедегі қарбалас та аңғартып тұр. Бір сатып алушының саудасы аяқталмай жатып, орнына бірнеше адам келіп үлгереді. Осы кезде назарымыз сөмке тандап тұрған ана мен балаға ауды. Бала өзіне ұнаған сөмкені арқасынан түсірер емес. Анасы бағасын сұрап еді, жүзінен көңілінің толмағаны бірден байқалды. «Баска жерден қарап көрейік», — деді ол баласына. Алайда ұлы таңдағанынан қайтыссы жок. «Маған тек осы ұнайды», — деген райынан танбады.



Елшір КАБА (солжа)

Анасы сөмкеге бір, телефондағы шотына бір қарап, біраз кідірді...

Мектепке дайындықтың қиындығы осындай сәттерден көрінеді. Ата-ана үшін бұл — қажетті заттардың тізімін түгендеу ғана емес, баланың қалауын ескеру мен отбасы бюджетінің мүмкіндігін қатар таразылау. Әсіресе сөмке, аяқ киім, мектеп формасы секілді негізгі дүниелерге келгенде таңдау көбейгенімен, баға да соған сай өседі.

Базардағы сатушылардың айтуынша, биыл ата-аналар мектепке қажетті заттардың бағасындағы өзгерісті анық сезініп отыр. Келесі қатардағы сатушы Ханзаданың сөзінше, тамыздың 15-інен кейін сауда бірден жандана бастаған. Алайда ата-аналар биыл былтырғы бағамен сауда жасай алмайды.

— Былтыр 3 500 теңгеге сатқан сөмкені биыл 5 000 теңгеден сатып жатырмыз. Дәптердің данасы — 25 теңге. Ермексаз 600 теңгеден басталып, 1 000 теңгеге дейін барады. Сол секілді тізімін жасап келген анаға барлығын бірден түгендеп алу үшін арнайы жеңілдіктерді де қарастырып отырамыз, — дейді ол.

Демек, бір қарағанда арзан көрінетін ұсақ-түйектің өзі көбейе келе отбасы шығынын еселейді. Бір дәптер, бір қалам, бір қорап қарындаш, ермексаз, бояу, альбом — мұның бәрине сөмке, аяқ киім мен мектеп формасының құнын қосқанда оқу жылының алғашқы қоңырауы ата-ана қалтасына айтарлықтай салмақ салатыны анық.

— Мен — көпбалалы анамын. Екі балам мектепке барады. Биыл былтырғы қалған заттарының бәрін реттеп, ұстауға келеді, киюге болады деген заттарды сұрыптап, базарға келдік. Дегенмен бірқатар заты бар дегеннің өзінде баланы бір сыпыра киіндіріп, қажетін алып беру 120 мың теңгеден асып түсті. Екі балаға 250 мыңнан артық

Мектепке дайындық баланың жаңа оқу жылына қажет заттарын түгендеумен ғана шектелмейді. Бұл – отбасының мүмкіндігі мен баланың қалауын үйлестіретін шағын есеп-қисап.

қаржы жұмсадым. Оның өзінде алдын ала базардағы баға мен дүкендегі бағаларды салыстыра отырып бағамдадық, — дейді көпбалалы ана Балнұр Жанабай.

Иә, дүкен демекші, бүгінде жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай көбейген сауда орындарының әрқайсысында самсаған мектеп формасы. Бірі жеңілдік деп, енді бірі «бірін алсаң, екіншісі тегін» деген жарнамамен сатып алушылардың назарын аударады.

Біздің келесі барған «MART» сауда орталығында ең қажетті дүниелерді үнемдеп алған жағдайда шамамен 70-90 мың теңге қаражат жұмсайтынымызға көз жеткіздік. Ал киімнің бірнеше түрін, сапалы аяқ киім мен жақсы сөмке тандаса, шығын 120-170 мың теңгеге дейін барады. Ал сапалы немесе брендтік тауарларға басымдық берген отбасының шығыны 220-300 мың теңгеден де асып кетуі ықтимал. Бұл есепке қысқы киім, смартфон, планшет, жолақы, ақылы үйірмелер мен қосымша оқулықтар кірмейді. Әрі бұл шығындар — тек бір баланың есебі.

Демек, екі баласы мектепке баратын отбасы тек негізгі оқу керек-жарағының өзіне 140-340 мың теңге аралығында қаржы жұмсауы мүмкін. Мұндай сома — кей отбасы үшін бір айлық табысынан да асып түсетін қаражат.

Мектепке жиналғанда, ең алдымен, қалтаға салмақ түсіретіні — форма. Қазір ұл балаға арналған костюм-шалбардың бағасы шамамен 17-20 мың теңгеден басталады. Қыз балаға арналған төрт бөліктен тұратын форма 25-30 мың теңге шамасында. Ал киімнің әр бөлшегін бөлек алған жағдайда толық жиынтықтың құны 40-50 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін. Пиджак, шалбар, белдемше, жейде — әрқайсысы жеке-жеке сатылатындықтан, ата-ана бір киімнің бірнеше бөлшегіне қаржы шығарады.

Дегенмен арзанын іздеген ата-анаға таңдау бар. Кейбір сауда орындарынан ақ жейдені 5-6 мың, пиджакты 8 мың, белдемшені 6,5 мың теңге шамасында табуға болады. Осылайша, бір баланың мектеп формасын 30-40 мың теңге көлемінде жинақтауға мүмкіндік бар.

Формалармен бірге аяқ киім мен спорттық киім де — міндетті шығындардың қатарында. Әсіресе оқу жылы қарсаңында аяқ киімге сұраныс артып, баға да отбасы бюджетіне сезіле бастайды. Бір қарағанда ұсақ көрінгенімен, мектепке арналған аяқ киім, спорттық костюм мен дене шынықтыруға қажетті аяқ киім қосылғанда жалпы шығынның едәуір бөлігін құрайды.

Сөмкенің бағасы оның сапасы мен брендіне қарай бірнеше есе өзгеруі мүмкін. Арзан нұсқаларын бірнеше мың теңгеге

табуға болады десек, ортопедиялық немесе танымал брендтердің бағасы ондаған мың теңгеге жетеді.

— Үш ұлымды мектепке дайындаудың өзі биыл отбасылық бюджетке едәуір салмақ түсірді. Жасыратыны жоқ, биыл мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдарына 500 мың теңгедей қаржы жұмсадым. Оның өзінде бренд қуып, қымбат немесе люкс санатындағы дүниелерді алған жоқпыз. Балаларға мектепке алғашқы кезекте қажет деген заттардың өзін ғана түгендедік. Былтырғы бағамен салыстырғанда биыл бәрі әлдеқайда қымбаттағаны бірден байқалады. Бір қарағанда бағасы арзан көрінгенімен, үш балаға көбейгенде әр теңге есепке түседі, — дейді көпбалалы ана Жадыра Табынбаева.

2026 жылдың маусымындағы дерек бойынша, кеңсе тауарлары санатындағы тұтыну бағаларының индексі 105,3 пайыз болған. Сондықтан ата-аналарға барлық керек-жаракты бір жерден ала салмай, бірнеше сауда нүктесіндегі бағаны салыстырып алған тиімді.

Биыл мектепке дайындықта дүкен мен маркетплейс арасындағы таңдау да бар. Жүргізілген салыстыру бойынша дүкендердегі бір оқушыға арналған жиынтықтың бағасы қыз балалар үшін шамамен 78,3-206,9 мың теңге, ұл балалар үшін 75,2-204,8 мың теңге аралығында болған. Маркетплейстерде қыздарға арналған жиынтық 96,8-210,8 мың, ұлдарға арналғаны 109,9-250,5 мың теңгеге дейін жеткен. Дегенмен интернеттен акция мен жеңілдіктер арқылы тиімді ұсыныс табуға болады. Ал дүкеннің артықшылығы — киімді баланың өзіне өлшеп көруге мүмкіндік бар.

Ал қалған ата-ана үшін үнемдеудің ең қарапайым жолы — қажетсіз шығыннан бас тарту. Былтырғы оқу жылынан қалған сөмке, пенал, спорттық киім немесе кеңсе тауарлары жарамды болса, жаңасын алудың қажеті жоқ. Мектеп формасын бірнеше жерден салыстырып, жеңілдіктерді пайдалану, брендке емес, сапаға мән беру де отбасылық бюджетке оң әсер етеді. Кеңсе тауарларын дайын қымбат жиынтық күйінде емес, қажетіне қарай жеке-жеке алған тиімді. Ал аяқ киімге келгенде тым арзанын қуаламай, баланың күнделікті киетініне және сапасына назар аударған жөн.

Мектепке дайындық баланың жаңа оқу жылына қажет заттарын түгендеумен ғана шектелмейді. Бұл — отбасының мүмкіндігі мен баланың қалауын үйлестіретін шағын есеп-қисап. Сондықтан қыркүйектің алғашқы қоңырауына дайындықты соңғы күнге қалдырмай, ең әуелі қажет дүниені анықтап, содан кейін ғана қалтаға қарай таңдау жасау — биылғы мектеп қамының ең ұтымды жолы.

Жаңа оқу жылы тағян тұста «Мектепке жол» акциясы да қыза түсуде. Биыл баянды бастама «Бала қуантқан бақытты» атауымен айдарыланып отыр. 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығын қамтитын жоба көпбалалы ата-аналарға демеу екені хақ.

БІЛІММЕНЕН БАЛА ӨСЕР



Биыл Қарағанды облысында 175 мыңнан астам оқушы мектепке қайта оралады. Олардың қатарында алғаш рет партаға отыратын 15 мыңнан астам бала бар. Өңірде «Мектепке жол» акциясы 1 тамызда басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Оның аясында қайырымдылық іс-шараларымен қатар, мектеп жәрмеңкесі, профилактикалық рейд және балалардың қауіпсіздігіне бағытталған жұмыстар ұйымдастырылады.

— Акция аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылады. Атап айтқанда, «Балаларға жақсылық сыйла», «Ауыл балаларына мектепке сыйлық», «Отбасы отбасына көмектеседі», «Баланы мектепке бірге даярлайық» қайырымдылық акциялары өтеді. Сондай-ақ «Түнгі қаладағы балалар» және «Қамқор» профилактикалық рейдтері жүргізіледі. Сонымен қатар облыстың барлық қаласы мен ауданында отандық өндірісшілер мен кәсіпкерлердің қатысуымен мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Ата-аналар

мектеп формасын, аяқ киім мен кеңсе тауарларын қолжетімді бағамен сатып ала алады, — дейді Қарағанды облысының Білім басқармасы басшысының орынбасары Мейіржан Сыздықов.

Мұндай жәрмеңкелердің маңызы — ата-аналардың мектепке қажетті тауарларды бір жерден таңдап, бағасын салыстырып алуына мүмкіндік беруінде. Ал акцияның қайырымдылық бөлігі әлеуметтік жағдайына байланысты қосымша көмек қажет ететін балаларды қамтуға бағытталған.

Бұған дейін ата-аналар отбасының табысын растайтын бірқатар құжатты жинап, мектепке тапсыруы керек болатын. Енді бұл талап жеңілдетілді. Отбасының қаржылық жағдайы туралы қажетті мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алынады. Яғни, ата-анаға бұрынғыдай анықтама жинап, бірнеше мекеменің табалдырығын тоздырудың қажеті жоқ. Жүйе отбасының цифрлық картасындағы және басқа мемлекеттік ақпараттық ресурстардағы деректерді пайдаланып, көмек алуға құқығы бар-жоғын анықтайды. Мейіржан Сыздықов бұл өзгерістің негізгі мақсаты — көмек көрсету процесін жеңілдету және оны барынша ашық ету екенін атап өтті.

— Енді ата-аналар мектепке табысы туралы анықтамаларды өздері ұсынбайды. Қажетті мәліметтер отбасының цифрлық картасы және мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы Ұлттық білім беру базасына автоматты түрде түседі. Осы мәліметтердің негізінде жүйе отбасының табыс деңгейін және мемлекеттік қолдау алуға құқығының бар-жоғын автоматты түрде анықтайды. Бұл көмек тағайындау процесін анағұрлым ашық, жедел әрі ынғайлы етеді, — дейді басқарма басшысының орынбасары.

Қарағанды облысында жаңа оқу жылына дайындықтың басқа бағыттары да қатар жүруде. Биыл өңірдегі 265 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде 29 мектеп жаңғырту жоспарына енгізілген, ал 35 ауыл мектебінде жаңарту жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар химия, биология, физика, робототехника және STEM бағыттары бойынша 77 жаңа модификацияланған кабинет сатып алынған.

Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жүйесі кеңейтіледі. Жаңа оқу жылында Қарағандыдағы №4 мектеп-интернат 130 орынға арналған №11 арнайы мектеп-интернат болып қайта ұйымдастырылады. Сонымен қатар өңірде аутизм бар балаларды қолдайтын екі орталық ашу және «Уақыт мүмкіндіктері» ерте көмек көрсету қызметінің қамту аясын кеңейту жоспарланып отыр.

Инклюзивті білім беруді дамыту іс-шаралары тамыз конференциясында талқыланды.

Бүгінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың 92 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Қарағанды қаласы мен Шет ауданында түзету кабинеттері жұмыс істейді. Қажетті жағдайлардың жасалуының арқасында бұған дейін үйде білім алған 364 бала мектепке ауысты.

— Біз балаларға көмек көрсетудің бірыңғай жүйесін қалыптастырып жатырмыз. Оның құрамына мектепке дейінгі ұйымдар, ПМПК, түзету кабинеттері және денсаулық сақтау жүйесі кіреді. Мамандардың бірлесіп жұмыс істеуі, біліктілігін үнемі арттыруы, сондай-ақ ата-аналардың баланы қолдау процесіне белсенді қатысуы маңызды, — деді Қарағанды облысы Білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев.

Балалардың қауіпсіздігіне де ерекше көңіл бөлінеді. Мектептерде педагог-психологтардың жұмысы күшейтіліп, «Жеке қауіпсіздік» курсы енгізіледі. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алуға да айрықша назар аударылады. Биыл облыста Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы құрылды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылармен жұмысты күшейтіп, барлық жауапты қызметтердің өзара іс-қимылын жолға қоюды тапсырды. Сонымен қатар Қарағанды, Теміртау және Балқаш қалаларында балалардың құқықтарын қорғау бөлімдерін құру мәселесі қарастырылып жатыр. Сондай-ақ облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық білім беру ұйымдарында мүгедектігі бар балалар үшін қажетті жағдайлардың қолжетімді болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Орталық педагогикалық, методикалық және әлеуметтік көмекті бір жерге біріктіріп, Шахтинск қаласындағы ғана емес, Саран және Абай аудандарындағы балаларды да қамтиды. Келер жылы осындай кешенді міндеттерді облыстың өзге де өңірлерінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Әділ БЕК

АЙМАҚ

27 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖАЙМА БАЗАР, ЖАБАЙЫ САУДА

Қызылордада сауда орындарының сыртында қолдан жайма базар жасап, жабайы сауданың көрігін қыздырып отырғандардың қарасы қалыңдап кетті. Әсіресе кейінгі жылдары жергілікті жұртшылыққа «ескі базар» атауымен мәлім болған базар аумағы жайма сауданы кәсіпке айналдырушылардан аяқ алып жүргісіз күйге жетіп тұр.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Негізінен Сыр өңірінде жайма саудадан заманауи сауда нысандарына көшу үдерісі бірнеше жылдан бері күн тәртібінен түскен емес. Алайда межеленген мерзімдердің бірнеше рет өзгеруі қала тұрғындарының «базарлар қашан толық жаңғырады?» деген пікірін қалыптастырды.

Нақты айтқанда, бастапқы жоспар бойынша Қызылордадағы әмбебап сауда базарларын жаңғырту жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс еді. Оның ішінде мәліметке сәйкес, қаладағы «Сыбаға», «Сұлтан-2», «Асбол» және «Талғат» базарлары жаңғыртуға жатқызылғаны көрсетілген. Жобалардың жал-



пы құны бірнеше миллиард тенгеге бағаланды. Алайда уақыт өте келе алғашқы жоспар мен нақты нәтиже арасында алшақтық көрініс тапты.

Тек биыл бірінші тоқсанда төрт базардың бірі «Сұлтан-2» сауда орындары ғана пайдалануға берілгені жария болды. Ал қалған үш нысанда құрылыс жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Бұл базарларды жаңғырту жұмыстары тағы да ұзарып отыр деген сөз. Жалпы, құрылыс жұмыстарының созбаланға салынуына себеп те жоқ емес. Бұл жерде мәселенің бір ұшы қаржыландыруға келіп тіреледі. Мәліметке сәйкес, базарларды жаңғырту жұмыстарын негізінен кәсіпкерлердің қаражаты және мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы қолға алған. Оның ішінде кейбір жобалардың екінші деңгейлі банктөртін ықпалымен жүзеге асырыла бастағаны да айтылады.

Бұл тұрғыда қала әкімдігінің дерегінше, бүгінде негізгі төрт базардың жаңғырту жұмыстары әртүрлі деңгейде жүргізіліп жатыр.

— Бүгінде «Сұлтан-2» базарындағы жаңғырту жұмыстары толық аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Ал «Талғат» базарында құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Нысанды жақын арада қолданысқа беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ «Сыбаға» және «Асбол» базарларында құрылыс жұмыстары жалғасуда. Жалпы, «Талғат», «Сыбаға» және «Асбол» базарларында жалпы құны шамамен 5 млрд теңгені құрайтын жаңа сауда үйлері салынуда. Бұл жобалардың негізгі мақсаты — сауда орындарын заманауи талаптарға сәйкестендіріп, тұрғындар мен кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Сонымен қатар базарлардың инфрақұрылымын жақсарту,

коймай, тұрғындарға қызмет көрсету сапасы да жақсарды деп күтілуде, — деп хабарлады Қызылорда қаласының әкімдігі.

Белгілі болғандай, Қызылордадағы әмбебап сауда базарларын жаңғырту жұмыстары Жол картасына енгізіліп, кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр. Жаңғырту жобаларының көлемі де аз емес. Жекелей тоқталсақ, «Сұлтан-2» базарының жобалық құны 794 млн теңгені құраса, «Сыбағадағы» жобаға 710 млн теңге қарастырылған. Ал «Талғат» базарын жаңғырту құны — 1,5 млрд теңге болса, «Асбол» сауда базарындағы жаңа нысанның жобасы 2,8 млрд теңгені құрайды.

— «Сұлтан-2» базарында жаңғырту жұмыстары толық аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Бүгінде сауда орындарының басым бөлігіне кәсіпкерлер орналасып, сауда жұмыстары жолға қойылған. Ал «Талғат» базарында құрылыс жұмыстары аяқталу кезеңіне жақындады. Сол сияқты «Сыбаға» және «Асбол» базарларында құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда. Әр нысан бойынша құрылыс барысы тұрақты бақылауда. Бұл жерде негізгі мақсат базарларды заманауи талаптарға сәйкестендіріп, кәсіпкерлер мен тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға басымдық беріліп отыр. Сонымен қатар жаңғырту барысында нысандардың қауіпсіздік, санитарлық және сәулет талаптарына сәйкес келуі назарда тұр. Құрылыс жұмыстары бекітілген жобалық шешімдер мен белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуі қажет, — дейді Қызылорда қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі тарапы.

Негізінен базарларды жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Дегенмен оның айналасындағы түйткілдер де түбегейлі өзгерісті күтеді. Соның алғашқысы бұған дейін Қызылордадағы базарларға қатысты негізгі мәселелердің қатарында сауда орындарының ретсіз орналасуы, санитарлық талаптар, көлік тұрақтары, жаяу жүргіншілер қозғалысы және нысандардың инженерлік инфрақұрылымы көпті алаңдатып келді. Сондықтан жаңа сауда үйлерінің бой көтеруі осы түйткілдердің оңтайлы шешілуімен бағалануға тиіс.

Әсіресе базар аумағындағы көлік қозғалысы мен тұрақ мәселесі әлі де өз маңызын жойған жоқ. Жаңғыртылған нысанның ішінде сауда орындары заманауи талапқа сай болғанымен, оның айналасында көлік кептелісі мен ретсіз сауда сақталса, тұрғын үшін өзгерістің тиімділігі төмендейді.

Кезекті мәселе — кәсіпкерлер үшін жағдай жасалуының да маңызы айрықша. Яғни жаңа ғимараттағы сауда орындарының құны, жалдау ақысы, орналасу тәртібі мен кәсіпкерлерге қойылатын талаптар да жаңғыртудың әлеуметтік-экономикалық нәтижесін күтеді.

Жалпы, төрт базардың жаңғыртуы — Қызылорданың сауда инфрақұрылымын өзгертетін ауқымды жобалардың біріне айналады деген сенім зор. Базар жанарса, ең алдымен, оның айналасындағы орта да өзгеруі керек.

Нақты айтқанда, бастапқы жоспар бойынша Қызылордадағы әмбебап сауда базарларын жаңғырту жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс еді. Оның ішінде мәліметке сәйкес, қаладағы «Сыбаға», «Сұлтан-2», «Асбол» және «Талғат» базарлары жаңғыртуға жатқызылғаны көрсетілген. Жобалардың жалпы құны бірнеше миллиард теңгеге бағаланды.

сауда орындарын ретке келтіру, санитарлық және қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге басымдық берілуде.

Жоспарға сәйкес, «Талғат» базарын жөндеу жақын арада бітеді десе, «Сыбаға» мен «Асбол» базарларындағы құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Жобалар толық жүзеге асқаннан кейін қаладағы сауда орындарының келбеті жанарып қана

Қалай дегенде де құрылысқа жұмсалатын 5,8 млрд теңгеден астам қаржының нақты нәтижесі қызмет сапасымен, кәсіпкерге жасалған жағдаймен және қаланың сауда мәдениетінің өзгеруімен өлшенуі керек. Сондықтан Жол картасының аясында жүзеге асырылып жатқан жоба Қызылордадағы сауданың өркеніетті, қауіпсіз әрі қолайлы жүйеге көшуіне негіз қалауға тиіс.



ЖӘНІБЕКОВ КЕСЕНЕСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Биыл ұлт руханиятының жанашыры, мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына – 95 жыл. Ұлттық сананың жаңғыруына өлшеусіз үлес қосқан қайраткердің мерейтойы қарсаңында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тікелей қолдауымен Түркістан облысы Отырар ауданындағы Өзбекәлі Жәнібеков кесенесінде ғылыми-реставрация жұмыстары жүргізілді.

Этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің кесенесі 1998 жылы бой көтерген.

Тарих сахнасында «Мәдени майдан» қайраткері атанған Өз-ағанның кесенесіндегі жаңғырту жұмыстары тұлға мерейтойының маңыздылығы назарға алынып, той қарсаңында қолға алынды. Бұл жұмыстар бүгінде мәдениет саласын басқарып отырған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жетекшілік ететін уәкілетті органның жоспарына сәйкес рет-ретімен жүзеге асырылды. Кесененің техникалық ахуалы толықтай зерделеніп, сараптама-лық қорытынды жасалды, реставрация жұмыстарының ғылыми-жобалау құжаттамасы әзірленді. Кесенені қалыпқа келтіру ісін жарты ғасыр бойы осы бағытта жұмыс атқаратын «Қазқайтажанарту» РМК мамандары жүргізді.

«Кесене — мемлекеттік маңызы бар тарихи нысан. Сондықтан алдын ала зерделеудің нәтижесі негізінде ғылыми-реставрация жұмыстары мұқият жүргізілді. Кесене күмбездері қыш кірпішпен толық қапталып, кірпіштердің жіктері жауын-шашын мен ылғалдан қорғайтын арнайы қоспамен бекітілді. Ішкі бөліктегі қабырғалар мен төбенің үгітілген сылақтары алынып, қайта сыланды. Есік-терезелер мен панжаларал нысанның сәулеттік ерекшеліктеріне сай қайта орнатылды», — дейді «Қазқайтажанарту» РМК бас директоры Олжас Шариязланов.

Қалпына келтірілген тарихи ескерткіш зияратшылар қауымына ұнаған. Жиырма жылдан бері кесененің шырақшысы қызметін атқаратын Нұржан Абанұлы реставрация жұмыстарының дер кезінде қолға алынғанына ризашылығын білдірді. «Кесене салынғалы бері күрделі жөндеу жасалмаған еді. Жыл сайын өзімізше аздаған жерін жамап-жаскап, өктеп күтім жасап отырамыз. Дегенмен ғылыми реставрацияның жөні бөлек қой. Міне, кесенің қасбеті, күмбезі тозынқырап кеткен еді. Келушілердің айтар тілегі жөндеу жасалса дейтін. Биыл марқұм Өзбекәлі Жәнібековтің 95 жылдық мерейтойы қарсаңында, кесененің қайта жаңғырғаны жөн іс болды. Мұны қайраткер тұлғаға көрсетілген үлкен құрмет деп білеміз», — дейді шырақшы. Оның айтуынша, кейінгі жылдары кесенеге келушілердің қатары да айтарлықтай артқан. Әсіресе Өзбекәлі

Жәнібековтің өмірі мен еңбегін зерттеп жүрген жастардың қызығушылығы жоғары. Еліміздің Торғай, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Батыс Қазақстан өңірлерінен арнайы келетін жас зерттеушілер көп көрінеді.

Қайраткердің мазарына Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Түрікменстаннан да ғалымдар мен зиярат етушілер ұдайы келіп тұрады. Солардың бірі — Түрікменстаннан келген Сардар есімді азамат. «Мен Өзбекәлі Жәнібековтің есімін, еңбегін үлгі тұтамын. Бүгін арнайы тағзым жасауға келдім. Түрікмен елінде Өзбекәлі ағамыздың ақыл-кесенесімен алғашқы Наурыз тойын тойлағанын мақтанышпен еске аламыз», — дейді. Бауырлас елден келген мейман қазақтардың біртуар тұлғаны ұлықтап, кесенесін жаңыртып жатқанына ризалығын білдірді.

Тарихи ескерткішті қалпына келтіру кез келген құрылыс жұмыстарынан өзгеше іске асады екен. Мұндағы басты талап — жаңа нысан салу емес, тарихи нысанның әуелгі сәулеттік келбетін жоғалтпай реставрациялау. Сондықтан да 50 жылдық тарихы мен тәжірибесі бар «Қазқайтажанарту» РМК мамандары кесенедегі реставрацияны кәсіби шеберлікпен қатар ғылыми дәлдікпен, аса жоғары жауапкершілікпен, ерекше тарихи тағаммен жасағанын аңғардық.

Саналы ғұмырын ел тарихы мен мәдениетін түгендеуге арнаған ғалым-қайраткер Өзбекәлі Жәнібеков қазактың тарихи ескерткіштерді сақтау үшін аянбай күрескені, жоғалып кеткелі тұрған мұраларды аман алып қалғаны бөрімізге мәлім. Сондықтан да мемлекет елдіктің шежіресін түгендеген ұлылардың еңбегін ұдайы ұлықтап, жас ұрпаққа жеткізуде қажетті міндеттерін атқарып келе жатқаны зиялы қауымды қуантады.

Біле білсек, Өзекеннің аманаты — ұлттың тарихи жадын жоғалтпау, мәдени мұрасын сақтау және елдік құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізу еді. Сондықтан «Қазқайтажанарту» РМК мамандарының Өзбекәлі Жәнібеков кесенесін ғылыми негізде қалпына келтіріп, мерейтой қарсаңында жұмысты толық аяқтаған тиянақты ісі ел тарихына, ұлттық руханиятқа жасалған тағылымды қызмет деп санаймыз.

Тельман БЕЙСЕНОВ, журналист, тарихшы

ҚОНАЕВТАҒЫ ДУМАНДЫ ЖАЗ

Қонаев қаласының орталық алаңында жаз бойы көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлаған ASPAN FEST мега фестивалінің жабылу салтанаты өтті. Маусым айында бастау алған мәдени жоба үш ай бойы қала тұрғындары мен қонақтарын әуезді ән мен әсерлі күйге бөледі. Фестивальдың қорытынды кешіне 15 мыңнан астам көрермен жиналды.

Биылғы жаз Қонаев қаласының мәдени өмірі үшін ерекше өтті. ASPAN FEST аясында отандық эстраданың танымал әншілері мен жас өнерпаздар бір сахнада бас қосып, көрерменге түрлі музыкалық бағдарлама ұсынды. Ай сайын ұйымдастырылған концерттер облыс орталығының кешкі тынысына сән беріп, тұрғындармен қатар өңірге келген қонақтардың да өміріне сән берді.



Фестиваль тек музыкалық бағдарламамен шектелген жоқ. Келушілер үшін демеушілердің қолдауымен түрлі ұтыс ойын-

дары ұйымдастырылып, белсенді қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша,

ауқымды мәдени шаралардың тұрғындар үшін тегін өтуіне облыс әкімдігі қолдау көрсеткен.

— Фестивальға елге танымал көптеген эстрада жұлдызы қатысты. Сонымен бірге жергілікті өнерпаздарымызға да үлкен сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік берілді. Бұл жобаны Алматы облысының тұрғындарына жақсы көңіл күй сыйлап, жазғы демалысты мазмұнды өткізуге жағдай жасау мақсатында демеушілердің қолдауымен ұйымдастырдық. Қала тұрғындары мен қонақтарына көңілді кеш, ұмытылмас әсер сыйлауға барынша күш салдық, — деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әнуар Үмбеталиев.

Мега фестивалінің жабылу салтанаты да ерекше сән-салтанатымен есте қалды. Сахна төріне Қайрат Нұртас, «МузАРТ» тобы, Әбдіжаппар Әлқожа, Заттыбек Көпбосынұлы, Раим, Alem, Зарина Омарова, Райым Уайс, Дана Кентай және басқа да өнерпаздар шығып, көпшілікке әннен шашу шашты. Танымал әндерге қосыла шырқаған көрермен орталық алаңды үлкен концерттік кеңістікке айналдырды.

Фестиваль аясында мәдени демалыспен қатар қоғамдық маңызы бар бастамаларға да назар аударылды. Атап

айтқанда, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының негізгі бағыттары насихатталып, қоршаған ортаны таза ұстау, қоғамдық орындарға ұқыпты қарау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ «Зан мен тәртіп» қағидатының маңызы айтылып, қоғамдық тәртіп пен азаматтық жауапкершілік мәселесіне мән берілді.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, фестиваліның қорытынды кешіне 15 мыңнан астам адам қатысқан. Кеш барысында түрлі белсенділік танытқан көрерменге арнайы сыйлықтар табысталды. Осылайша, маусым айында басталған ASPAN FEST жаздың соңғы күндерінде мыңдаған көрерменнің басын қосқан үлкен музыкалық мерекемен түйінделді.

Көрермендер де биылғы фестивалдың ұйымдастырылуына оң бағасын беріп, мұндай ашық аспан астындағы мәдени іс-шаралар қаланың тынысын жандандырып, тұрғындардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне мүмкіндік беретінін атап өтті. Жаз бойы ән мен думанға бөленген Қонаевтағы ASPAN FEST осылайша көпшілікке жарқын әсер қалдырып, маусымды көтеріңкі көңіл күймен қорытындылады.

Айна ХАСАН

SPORT STYLE

27 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Күздегі Азия ойындары жақындаған сайын дзюдошылар үшін әр белдесудің салмағы артып келеді. Бірі құрлықтық дода алдындағы соңғы дайындығын пысықтаса, енді бірі Лос-Анджелес Олимпиадасына басталған ұзақ жолда рейтингтік қорын молайтуға күш салады. Сондықтан 28-30 тамыз аралығында Швейцарияның Лозанна қаласында өтетін GRAND SLAM турнирін күнтізбедегі кезекті жарыс деп қана қарауға болмайды. Мұнда Азиада алдындағы дайындық та, Олимпиада жолындағы есеп те қатар жүреді.



ұйымдастырылады. Сондықтан Grand Slam мен Азиаданың арасы тым алшақ емес. Осы тұрғыдан алғанда бапкерлер штабы үшін спортшыны жарысқа қосу немесе тын күйінде ұстау мәселесінің өзі тактикалық шешімге айналып отыр.

КІЛ МЫҚТЫ ЖИНАЛҒАН

Турнирдің деңгейін қатысушылар құрамының өзі аңғартады. Ерлер арасында Олимпиада чемпиондары мен әлемдік дзюдоның танымал өкілдері көп. Солардың бірі — Париж Олимпиадасының чемпионы өзербайжандық

жүлдегі іліккен Ассунта Скутто, Этери Липартелиани, Маша Балльхаус, Гелен Примо, Ангелика Шиманьская сынды спортшылар қосылады. Бұлардың арасында дәл қазір әлемдік рейтингтің жоғары сатысында тұрған балуандар да бар. Мәселен, Лозаннаға тіркелген Эмомали Нурали өз салмағында әлемдік рейтингте алғашқы орындардың бірінде тұрса, әйелдер арасында Маша Балльхаус, Ширин Букли, Романа Дикко секілді дзюдошылар жарыстың жоғары нөмірлі фавориттері қатарында.

КІМДЕ МҮМКІНДІК КӨБІРЕК?

Қазақстан құрамасы үшін, әсіресе жеңіл және орта салмақтардағы белдесулер қызық болмақ. 60 келідегі Талғат Орынбасар соңғы уақытта тұрақты нәтиже көрсетіп келеді. Ол биыл Қазақстандағы Grand Slam турнирінде күміс, Тбилисидегі Grand Slam додасында қола медаль алды. Тамыз айындағы IJF рейтингінде ол әлемнің үздік жиырмалығына кірді. Шерзод Давлатов та биыл елдегі Grand Slam жарысында қола жүлдеге ие болды. Сол турнирде Аңсарбек Ғайнуллин мен Айдар Арапов қола алса, Марат Байқамұров чемпион атанды. Демек, Лозаннада Қазақстан тек тәжірибе жинау үшін емес, нақты нәтиже үшін делтасуға қабілетті құрам апарып отыр. 66 келіде де ішкі бәсеке қызық. Қазіргі IJF әлемдік рейтингінде Нұрқанат Серікбаев Қазақстан дзюдошылары арасындағы ең жоғары орындардың бірінде тұр. Ақылжан Жұбатқанов та халықаралық жарыстарда тәжірибе жинап келеді. Ал бұл салмақта Олимпиада жүлдегері Ғұсман Қырғызбаевтың болуы ұлттық құрамадағы бәсекені одан әрі күшейтеді. Лозаннадағы әр белдесу алдағы ірі жарыстарға құрам жасақтау кезінде бапкерлер үшін қосымша жауап болары анық.

АЗИАДА алдындағы

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Лозанна додасының тағы бір ерекшелігі бар. Биыл Швейцария өз тарихында алғаш рет дзюдодан Grand Slam турнирін қабылдайды. Жарыс Олимпиада қозғалысының орталығы саналатын Vaudoise Arena кешенінде өтпек. Халықаралық дзюдо федерациясының мәліметіне сүйенсек, турнирге 78 елден 530-дан астам спортшы тіркелген. Оның үстіне бұл бәсеке элиталық дзюдомен қатар бейімделген дзюдо жарыстарын бір алаңда тоғыстыратын айрықша турнир болмақ.

Лозанна татамиіндегі тартыстың жоғары болуына тағы бір себеп бар. Лос-Анджелес-2028 Олимпиадасына ресми іріктеу кезеңі биыл маусымда Ұлан-Батырда өткен Grand Slam жарысынан басталды. Демек, енді әлемдік турдың әр кезеңіндегі жеңіс пен рейтингтік ұпайдың құны бұрынғыдан жоғары. IJF те Олимпиада жолындағы әр жарыстың спортшылар үшін стратегиялық маңызға ие болғанын атап көрсетеді.

Қазақстан құрамасы да осы кезеңге біртіндеп кірісті. Ұлан-Батырдағы Grand Slam турнирінде отандастарымыз жүлдеге жете алмады. Қазақстан үш жетінші орынмен командалық есепте 31-сатыда қалды. Ал араға бір апта салып Қытайдың Циндао қаласында өткен Гран-при кезеңінде Ғұсман Қырғызбаев 66 келіге дейінгі салмақта күміс медаль иеленді. Финал-

да ол Олимпиада чемпионы жапониялық Хифуми Абэге жол берді.

КАЗАҚСТАННАН 15 ДЗЮДОШЫ БАРАДЫ

Лозаннадағы Grand Slam турниріне Қазақстан құрамасынан 15 спортшы тіркелген. Оның 11-і ерлер, төртеуі әйелдер құрамасынан. IJF-тің ресми тізімінде де Қазақстанның дәл осындай құраммен қатысатыны көрсетілген.

Ерлер арасында 60 келіге дейінгі салмақта Талғат Орынбасар мен Шерзод Давлатов, 66 келіде Нұрқанат Серікбаев пен Ақылжан Жұбатқанов, 73 келіде Аңсарбек Ғайнуллин мен Бақытжан Абдурахманов, 81 келіде Әділет Алмат пен Абылайхан Жұбаназар, 90 келіде Айдар Арапов, 100 келіде Марат Байқамұров, ал аса ауыр салмақта Ерасыл Қажыбаев белдеседі. Әйелдер арасында 57 келіге дейінгі салмақта Дана Әбдірова, 70 келіде Ажар Асхат, 78 келіде Аружан Жангелдина, +78 келіде Аида Тойшыбекова сынға түседі.

Бұл тізімнің бір ерекшелігі — Лозаннаға Азия ойындарына баратын бірқатар спортшы да қатысады. Яғни Бақытжан Абдурахманов, Әділет Алмат, Айдар Арапов, Марат Байқамұров,

Ерасыл Қажыбаев, Дана Әбдірова, Ажар Асхат және Аида Тойшыбекова үшін Швейцариядағы дода Азиада алдындағы маңызды бақылау жарыстарының бірі болмақ. Ал ұлттық құраманың ең тәжірибелі спортшыларының бір бөлігі бұл жолы демалыс пен мақсатты дайындықты таңдаған. Париж Олимпиадасының чемпионы Елдос Сметов, Олимпиада жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев және әлемдік рейтингте Қазақстан әйелдер құрамасының алдыңғы қатарында тұрған Әбиба Әбужақынова Лозаннада татамиге шықпайды. Олардың басты нысанасы — қыркүйектегі Азия ойындары.

XX Азия ойындары Жапонияның Аичи-Нагоя өңірінде 19 қыркүйек пен 4 қазан аралығында өтеді. Дзюдо жарыстары Aichi International Arena-да

Хидаят Гейдаров. Сондай-ақ Рио Олимпиадасының жеңімпазы италиялық Фабио Базиле, Париж-2024 ойындарының күміс жүлдегері француз Лука Мхейдзе, бразилиялық Олимпиада жүлдегерлері Леонардо Гонсалвес пен Виллиан Лима, бельгиялық Маттиас Кассе секілді тәжірибелі балуандар бар. Оларға әлем чемпионаттарында жүлде алған Инал Тасоев, Ромен Валадье-Пикар, Эмомали Нурали, Гурам Тушшвили секілді дзюдошылар қосылады. Мұндай құрам кейбір салмақ дәрежелеріндегі бәсекені әлем чемпионатына бергісіз етуі мүмкін.

Әйелдер арасындағы бәсеке де осал емес. Франция құрамасы Лозаннаға өте мықты спортшыларын әкелмек. Ширин Букли, Сара-Леони Сисик, Одри Чеме, Романа Дикко секілді Олимпиада жүлдегерлері жеңіс үшін таласады. Олардың қатарына әлемдік додада үздік шыққан және

Grand Slam бағдарламасы үш күнге бөлінген. Алғашқы күні ерлердің 60 және 66 келі, әйелдердің 48, 52 және 57 келі салмақтары өтеді. Екінші күні 73, 81 келідегі ерлер мен 63, 70 келідегі әйелдер белдесе, 30 тамызда ауыр салмақ иелері татамиге шығады.

Лозаннадағы дода Қазақстан үшін бір мезетте бірнеше сауалға жауап беретін жарыс болмақ. Азиадаға баратын спортшылар қандай деңгейде? Олимпиадалық іріктеу басталған тұста жастар әлемдік рейтингте қаншалықты жылдам көтеріле алады? Құрамада әр салмақтағы ішкі бәсеке кімнің пайдасына шешіледі? Сол себепті Швейцариядағы Grand Slam-ның бағасын тек медаль санымен өлшеу жеткіліксіз. Аичи-Нагоядағы Азия ойындарына санаулы апта қалғанда, Лозанна татами Қазақстан құрамасының қазіргі мүмкіндігін байқататын үлкен сынақ алаңына айналмақ.

БЕССАЙЫСШЫЛАР ЭСТАФЕТАНЫ АЯҚТАДЫ



Бессайыстан Гуйян қаласында (Қытай) өтіп жатқан әлем чемпионатында эстафеталық жарыстар аяқталды.

Ерлер арасындағы бәсекеде қазақстандық Темірлан Әбдраимов пен Лев Чувашов жетінші орынға ие болды. Әйелдер арасында Аяна Қазбекова мен Юлиана Петрова тоғызыншы нәтиже көрсетті.

Қазақстан құрамасы аралас эстафетада да сынға түсті. Кирилл Стадник пен Ярославна Понер жарысты тоғызыншы орынмен аяқтады. Енді әлем чемпионатында жекелей жарыстар басталды.



ШИРЕК ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қазақстан құрамасының өкілі Анна Данилина Мексиканың Монтеррей қаласында өтіп жатқан WTA 500 санатындағы турнирдің ширек финалына жолдама алды.

Қазақстандық теннисші бұл бәсекеде жұптық сында өнер көрсетіп жатыр. 1/8 финалда Анна Данилина жапониялық Мио Катомен бірге Қытай өкілі Цяньхуэй Тан мен мексикалық Рената Сарасуа жұбын жеңді. Кездесу 4:6, 6:2, 10:6 есебімен қазақстандық-жапониялық жұптың пайдасына аяқталды. Келесі кезеңде Анна Данилина мен Мио Като ресейлік Мария Козырева мен Майя Ламсенге қарсы ойнайды.

ҚОРЖЫНҒА ЕКІ ҚОЛА ТҮСТІ

Қытайдың Гуйян қаласында спорттық құзға өрмелеуден жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты мәресіне жетті.

Қазақстан әйелдер құрамасы U19 санатында «жылдамдық» бағдарламасындағы эстафеталық сайыста қола жүлдегер атанды. U17 жас санатындағы эстафеталық жарыста ерлер құрамасы екінші қола жүлдені ел қоржынына салды.

Қазақстандық спортшылар құздан сырғанаудың үш түрі бойынша сынға түсті. Ересектер арасындағы бәсекеде ең жоғары нәтижені «жылдамдық» бағдарламасында ширек финалға дейін жетіп, 8-орын алған Алина Львова көрсетті. Ерлер арасында осы санатта Роман Курассов 9, Рашид Хайбуллин 10, Әлихан Татамбай 11 және Дмитрий Ананьев 14-орынға тұрақтады. Ал қыздардан Арина Новицкая 9, Виктория Ильницкая 13, Ралина Абдулова 14-орынды місе тұтты.

U17 жасөспірімдер арасында «жылдамдық» санатында Давид Кононов 12, Арсений Тен 15, Вадим Сагиттаев 19-орын алды. Қыздардан Тамсия Носкова 14, Амели Аскарова 17, Анастасия Андриенко 19, Анастасия Выродова 21-орынды иеленді.



AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албан АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Батыр ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4781

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Кілемі үш компьютерлік беттен астам материалдар қабылданылмайды.

• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Ербол ТҰРЫМБЕТ